

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ЕЛІМІЗ СЫРТҚА ШЫҒАРЫЛҒАН КАПИТАЛДЫҢ КӨЛЕМІ ЖАҒЫНАН «КӨШ БАСТАП ТҰРҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ» БІРІ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжамит Ақшамы Газеті

Комиссия күнделігінен

Мемлекеттік кеңесші
Ерлан ҚАРИН:

ТІЛІМІЗ БИИК ТҰҒЫРДА, ӨЗ ОРНЫНДА



– Жаңа Конституция жобасында мемлекеттік тіл – Қазақ тілі екені тайға таңба басқандай нақты жазылған, айқын бекітілген. Атап айтқанда, 9-бап 1-тармақта "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі" деп тікелей белгіленген, анық көрсетілген. Бізде мемлекеттік тіл біреу, ол – Қазақ тілі. Басқа мемлекеттік тілі жоқ. Тіліміз биік тұғырда, өз орнында. Мемлекет барда ол ешқашан тұғырдан түспейді. Сол үшін мемлекетті сақтауымыз керек, мемлекетті қорғауымыз керек. Ең бірінші, ел бірлігін ойлауымыз керек.

Мәжіліс төрағасы
Ерлан ҚОШАНОВ:

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ КӨПТЕН КҮТКЕН ҮМІТІ



–Соңғыжылдарыәр қазақстандықтыңкөңіліне ұялап, жанына жақын бола түскен Заң мен тәртіп, Адал Азамат, Таза Қазақстан сияқты құндылықтар жаңа Конституция жобасының преамбуласы негізіне айналды. Олар Конституцияның барлық нормасының өзегін құрап, болашақ ел дамуының берік моральдық-құқықтық іргетасын қалады. Бұл басты қағидаттар еліміз үшін бетбұрысты кезеңде ұлтымызды ұйыстырып, мемлекеттік шешімдердің әділдігіне деген сенімді нығайтып, әрі қарай орнықты дамуымызға бағдар бергенін атап өткен абзал. Олардың конституциялық деңгейде бекітілуі – жұртшылықтың көптен күткен үмітінің үдесінен шыққан шынайы жауап болмақ.

Қызылорда облысының әкімі
Н.НӘЛІБАЕВ:

ЖАҢА АТА ЗАҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІН ҚАЛАЙДЫ



Елімізде Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның құрамында болып, өткен аптада комиссия отырыстарына және жекелеген жұмыс секцияларындағы талқылауларға қатыстық.

Конституцияның жаңа жобасы тек комиссия мүшелерінің ғана емес, азаматтардың, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың, сарапшылардың ұсыныстары мұқият сарапталған соң жарық көрді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастаманы 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында жариялағаны белгілі. Қазанның 8-інде Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобы құрылып, құрамына құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Белсенді азаматтар e-Ötinish және eGov порталдары арқылы ұсыныс-пікірлерін жолдап, алты айға жетеқабыл уақытта жаңа реформа жан-жақты талқыланды, екі мыңнан астам ұсыныс қаралды. Біздің қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы парламенттік реформаның негізгі бағыттарына, Ата Заңға енгізілетін өзгерістер жайына тоқталған болатын.

Конституциялық комиссия отырыстары тікелей эфирде көрсетілгендіктен, талқылауларда не айтылғанынан бүкіл халық хабардар болды деп ойлаймын. Ал өзгерістерге келер болсақ, жаңа Преамбулада Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтау, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстану, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алу, табиғатты аялау ұғымдарының көрініс табуы еліміздің болашақтағы бағытын нақтылай түсті.

Қазақстандағы басқару нысаны «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасымен үндестік тапты. «Қазақстан Республикасының егемендігі, тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы және басқару нысаны өзгермейді» деген норма бұрын қорытынды және өтпелі ережелерде ғана болатын. Осы жолы еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңмен белгіленді.

Жобада бекітілген іргелі қағидаттар егемендік пен тәуелсіздікті қорғау, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етуге негізделді. Жалпы-ұлттық бірлікті нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру, жауапты әрі жасампаз патриотизм идеясын ілгерілетудің маңызы айқындалды. Қоғамдық диалогты, адами капиталды дамыту, еңбекқорлық, прогресс пен білім құндылықтарын орнықтыру, жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және төл мәдениетті қолдау негіз құраушы қағидаттар қатарына енді.

Жобада Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган – Құрылтайдың, халықтың мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган – Қазақстан Халық Кеңесінің қызметі бекітілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, жаңа Конституция туралы түпкілікті шешімді қазақстандықтар республикалық референдумда қабылдайды.

Жаңа Ата Заңымыз Әділетті әрі Таза Қазақстанның жарқын болашағына, халқымыздың берекелі тіршілігі мен ауызбірлігін арттыруға қызмет етеді деп сенеміз.

– Біз елімізді дамытуға арналған қаражатты тиімді жұмсаудың амалын іздеп қиналамыз. Бірақ соған қарамастан әлеуметтік салаға бөлінген триллиондаған теңге қаржыны жымқыратын алаяқтар бар, тіпті, аз емес деп айтуға болады. Бұл – мүлде ақылға сыймайтын жағдай. Мұндай кеселді түп-тамырымен жою керек. Қаржыны криптовалютаға айналдырып, шетелге шығару жағдайлары да азаймай тұр, ондай заңсыздыққа тосқауыл қою қажет. Мұндай теріс ахуал экономикаға орасан зор зардабын тигізуде. Түптеп келгенде, көлеңкелі экономикамен үзілді-кесілді күресу керек.

– Мен жақында «Құқық бұзушылық профилактикасы» туралы Заңға қол қойдым. Бұл заңға сәйкес Агенттік алғаш рет экономикалық қылмыстың алдын алумен айналысатын толыққанды құрылым ретінде көрсетілді. Осыған орай қылмыстың алдын алуға қажетті жаңа әрі тиімді шаралар қажет. Көп жағдайда келтірілген залалды өтеу мәселесі оң шешімін таппай жатады. Сол себепті, қылмыстың салдарын емес, себебін анықтап, онымен күресу маңыздырақ. 2023 жылы шығын көлемі 325 миллиард теңгеге бағаланды. Оның 53 миллиард теңгесі, немесе шамамен 16,5 пайызы қайтарылды; 2024 жылы шығын көлемі 4,4 триллион теңгеге бағаланды. Оның 236 миллиард теңгесі, немесе 5,5 пайызы қайтарылды; 2025 жылы шығын көлемі 135 миллиард теңгені құраған, яғни айтарлықтай азайған. Оның 20 миллиард теңгесі, немесе 15 пайызға жуығы қайтарылған. Алдын алу шаралары шын мәнінде тиімді болу үшін цифрлық талдау тәсілдерін барынша дамытқан абзал.

– Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау сияқты ұлт болашағына әсер ететін, үнемі халқымыздың назарында болатын маңызды салаларға баса мән берілуге тиіс. Осыған дейін де айтып өттім, жалпы әлеуметтік салада заң бұзушылықтар аз емес. Қаржы операцияларына мониторинг жүргізу кезінде нақты нәтижеге қол жеткізу үшін заманауи тәсілдерді ұтымды пайдалану қажет. Басты мақсат – бәрін жаппай тексеру емес, ел экономикасына қауіп төндіретін сын-қатерлерді дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қабылдау. «Паша ал десе, бас алып», шектен шығуға болмайды. Қайталап айтамын: Агенттік қызметкерлерінің міндеті – қаржы ұйымдарын жаппай тексеру емес, керісінше экономикаға төнген қауіптің бетін қайтарып, тойтарыс беру үшін уақтылы шара қабылдау. Бұл ретте цифрлық жұмыс тәсілдері ауадай қажет. Бірақ жасанды интеллектіге ғана емес, өз ақыл-ойларыңызға да сенген артық етпейді. Адамдар ЖИ-ге арқа сүйей бастағанын, тіпті баяндамаларын да өздері жазбай, оны Grok пен ChatGPT-ге тапсыратынын байқаймын. Яғни адамдар дұрыс оқуды, тиісті білім алуды емес, интеллектті түрлі нұсқада қалай пайдалануды үйренуде. Мұның салдары ауыр болады. Қаржылық барлау қызметкерлерінен нағыз жауапкершілік пен жасампаздық тұрғысынан қарайтын отаншылдықты талап етемін. Мұндай қасиетке ие адамдар жемқорлықтан, ашкөздіктен, сауатсыздықтан ада болуға тиіс. Сауатсыз, әсіресе ашкөз, көрсексызар, жемқорлыққа бейім адам ешқашан патриот бола алмайды. Әрине, ол өзін патриот санауы, алаулатып, жалаулатып сөйлеуі мүмкін. Алайда ол патриот емес және оны бәрі біледі. Сондықтан бұл арада отаншылдықты дұрыс түсіне білгеніміз абзал. Мен бұл жөнінде Қызылордала өткен Ұлттық құрылтай отырысында айттым. Қазіргі уақытта жаңа Конституцияның мазмұнын қарап жатырмыз. Біз осы өзгерістер аясында патриотизм туралы ұғымды нақтылап, жауапкершілікке әрі жасампаздыққа құрылған отаншылдықты айқындай аламыз деп ойлаймын. Нағыз патриот барлық жерде, ол Қаржылық мониторинг агенттігі немесе мемлекеттік меншіктегі кәсіпорын болсын, жеке кәсіпкерлік нысаны, университет, мектеп болсын, адал еңбек етуге тиіс. Әркім өз жұмысын жаксы атқарса, оны патриот деп санаймыз. Жалпы, тексеру шаралары мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелеріне қатысты жұмысқа кесірін тигізбеуі керек. Бюджет қаражатын уақтылы игеруге де кедергі келтірмеуі қажет. Ақпараттық, коммерциялық қауіпсіздікті және жеке деректерді қорғау мәселесін назарда ұстаған жөн.

– Бизнесіңді дамуын тежейтін кедергілерді жою керек. Бұл бағытта біраз жылдан бері жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бірақ «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасынан, жекелеген бизнес өкілдерінен әлі де арыз-шағым түсіп жатыр. Барлық құқық қорғау органы бизнеске заңсыз кедергі келтіру мемлекет мүддесіне қарсы ауыр қылмыспен парапар екенін түсінуге тиіс. Бұл, ең алдымен, Қаржылық мониторинг агенттігіне қатысты. Маған аймақтарда кара басының қамы үшін заңды бизнесіңі тоқтату тәжірибесі әлі де бар деген шағымдар келіп түсіп жатыр. Ескертемін: егер әлгіндей мәліметтер расталса, заңға сәйкес жауапқа тартып, келтірілген шығынды өндіріп алу үшін қатаң шаралар қабылданады. Былтыр Агенттік тергеу жүргізген қылмыстық істердің 40 пайызы, яғни мыңнан астамы негізсіз деп тоқтатылған. Мысалы, 2025 жылы Агенттік 2710 іс қозғаған, оның 1061-інде құдіктілер ақталып, іс тоқтатылған. Бұл жай ғана көрсеткіш емес. Осындай істердің салдарынан кәсіпкерлер шығынға ұшырайды, олардың іскерлік беделіне нұқсан келеді, еңбек ұжымдарының берекесі қашады. Мұның бәрі бизнестің дамуын тежейді, елдегі инвестициялық ахуалға зардабын тигізеді. Сондықтан кәсіпкерлермен қарым-қатынас орнату тәсілдерін қайта қараған жөн. Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, ақылға қонымды тепе-теңдікті сақтай білу қажет. Кәсіпкер қаржы заңнамасын бұзған жағдайда оның шаруашылық қызметін бірден тоқтатып тастауға болмайды. Шектеу шараларын құқық бұзушылықтың деңгейіне сәйкес ерекше жағдайларда ғана қолдану керек. Кәсіпкерлер де заң талаптарын қатаң сақтауға міндетті. Мемлекеттің оң көзқарасы мен қорғауын пайдаланып, салықтан жалтаруға, алаяқтық схемалар жасауға болмайды. Алаяқтыққа мүлдем жол бермейміз.

– Жаңа салық саясаты күшіне енгелі бері нақты айналымды жасыру үшін қолма-қол төлем көлемінің артқаны туралы мәліметтер келіп түсті. Бөлшек саудамен айналысатын саудагерлер тауардың ақысын қолма-қол ақшамен немесе аударым арқылы төлегеніне қарай салық сомасын шегеріп, екі түрлі баға айта бастады. Бұған, әрине, көз жұма қарауға болмайды. Өйткені мұндай әрекеттер мемлекеттің салықты әкімшілендіру тетіктерін жетілдіру бағытындағы еңбегін зая кетіреді. Кірісті жылыстату және капиталды астыртын криптооперациялар арқылы заңсыз шығару проблемаға айналды. Бүгінге дейін 62 миллиард теңгеден астам қаржы айналымы бар 130 заңсыз криптоалмасу қызметі жойылды. Осы істердің аясында 2,6 миллиард теңгенің мүлкіне тыйым салынды. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілерде ақшаны криптоға айырбастау жарнамасы тыйылмай тұр. Демек, мәселе түбегейлі шешімін таппаған. Халықаралық ұйымдардың бағалауынша, еліміз сыртқа шығарылған капиталдың көлемі жағынан «көш бастап тұрған мемлекеттердің» бірі. Ал осындай қылмыс үшін сотталғандар жоққа тән. Капиталдың заңсыз сыртқа кетуі экономикалық қауіпсіздігімізге тікелей қатер төндіреді. Агенттік аталған мәселелер бойынша нақты ұсыныс енгізсін.

– Агенттік қаржы пирамидаларымен белсенді күрес жүргізіп жатыр. Тек былтырдың өзінде 140-тан астам қылмыстық іс тергеліп, жарты миллионнан аса адамның қаржысын тартпақшы болған 15 мың сайт пен 123 чат жабылды. Алайда қабылданып жатқан шаралар да, түсіндіру жұмыстары да өйткенді түбегейлі өзгерте алмай тұр. Әйтсе де оң үрдіс бар. Неге? Жағдайы алаяқтар пирамиданы түрлі қаржы құралдары сияқты ұсынады. Ал азаматтар олардың арбауына түсіп, бар тапқан-таянғанынан айырылып қалып жатыр. Сондықтан қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеп, проблеманың түп тамырын анықтаған жөн. Өз әрекетінің заңсыз екенін біле тұра, адамдарды түрлі алаяқтық схемаларға тартатын пирамида қатысушыларына құқықтық жауапкершілік енгізу мәселесін қарастыру қажет. Мұндай алаяқтарды немесе қымсынбай қылмысқа баратын жандарды түрмеге қамап, қылмыстық жазаға тарту керек. Егер Қаржылық мониторинг агенттігі, Үкімет осындай түзетулерді ұсына, мен қолдаймын.

– Өкінішке қарай, қазір есірткі саудасынан түскен табысты тексеру жұмысының тиімділігі төмен. Қылмыскерлердің заңсыз жолмен тапқан жеке мүлкімен қатар, басқа адамдардың атына рәсімдеген мүлкі де мемлекетке қайтарылуға тиіс. Қысқасы, қылмыстық жолмен иемденген мүлкінің бәрін тәркілеу мәселесін мұқият пысықтаған жөн. Занды тұлғалардың күмәнді табыстарды заңдастыруына қатысты жазаны күшейту керек. Бұл қадам халықаралық стандарттарға толық сай келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қаржылық мониторинг агенттігініңбесі жылында сөйлеген сөзінен

ТӨРТЕУІ САЛЫНАДЫ...

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан салынатын кітапхана мен драма театрдың құрылыс алаңына барды.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында жаңа драма театр және тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана салу туралы айтқан болатын. - «Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл

бөлме қарастырылады. Инновациялық бағыттағы медиа-лаб бөлмесі мен подкаст студиясы болады. Бұл бастама – халықтың білімге, мәдениетке және заманауи ақпарат көздеріне қолже-тімділігін арттыртын маңызды қадам.

Ал драма театрдың жаңа ғимаратының салынуы – қазақ театр өнерінің қарашаңырағы саналатын аймақтағы тұрақты көрермендер үшін зор қуаныш, үлкен сый. Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театр былтыр бір жылдың ішінде төрт бірдей халықаралық фестивалда топ



құрылыс биылдан бастап жүргізіледі», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде.

Заманауи, көпфункционалды кітапхана салуға инвестор есебінен 20 млрд. теңге қаралған. Бұл еліміздегі кітапхана инфрақұрылымын дамытуға, оқырмандарға қолжетімділікті арттыруға және өңірлерде ақпараттық мәдениет деңгейін көтеруге бағытталған.

Жоба бойынша ғимараттың аумағы 13 000 шаршы метр, 1 миллионнан астам кітап қорын сақтауға арналған. Жыл сайын 250-300 мың оқырманға қызмет көрсетеді. Каталогтар, заманауи ашық форматтағы оқу залдары, 50 адамның цифрлық ресурстармен жұмыс істеуіне қолайлы электронды

жарды. Материалдық базасы барынша нығайып, мамандардың кәсіби тұрғыда жетілуіне жағдай жасалды, баспанамен қамтамасыз етілді.

Жаңа ғимарат артистердің дайындығына, түрлі сахналық көріністер мен ауқымды декорациялар құруға мүмкіндік береді, кең тынысты дыбыс жүйесі мен соңғы үлгідегі жабдықтар қойылым сапасын арттыра түседі.

Сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылордада салынатын жаңа емхана мен перинаталдық орталықтың құрылыс алаңына да барды.

5-бетте

3, 8 беттерде

Зейнетақымен қамсыздандыруды ел толық біледі ме?

Қазақстандықтардың зейнетақы жүйесі саласындағы қаржылық сауаттылығы артып келеді: азаматтар зейнетақы жүйесінің қалай жұмыс істейтінін және ол арқылы қандай мүмкіндіктерге қол жеткізуге болатынын барған сайын жақсы түсінуде. Мұны 2025 жылы жүргізілген тәуелсіз социологиялық зерттеу нәтижелері растады.

Сауалнаманың негізгі мақсаты – Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін, зейнетақы жүйесіне деген сенім дәрежесін және азаматтардың жинақтаушы модельге тартылу деңгейін айқындау.

Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейі респонденттердің жиынысн, жас ерекшеліктерін, аумақтық және әлеуметтік мәртебелерін ескере отырып бағаланды.

Зерттеу жалпыұлттық репрезентативті сауалнама әдісімен жүргізілді. Іріктемеге Қазақстанның барлық өңірлерінен, оның ішінде 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаладан (Астана, Алматы, Шымкент) 3 000 респондент қатысты. Сауалнама ауылдық және қалалық жерлерде тұратын 18 жастан асқан ересек тұрғындар арасында жүргізілді. Барлығы 1 473 ер адам және 1 527 әйел азаматша сұралды. Әлеуметтік мәртебе бойынша бөлініс мынадай: жалдамалы қызметкерлер – 2 031 адам (67,70%), өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 831 адам (27,70%), жұмыссыздар – 138 адам (4,60%).

Зерттеу сауалнамасының негізгі бөлімі Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығын анықтауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне және «БЖЗҚ» АҚ-ға (БЖЗҚ, Қор) деген сенім деңгейін, Қор қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігі, хабардарлық дәрежесі мен қабылдануын бағалауға бағытталған 26 сұрақтан тұрды.

Зерттеу нәтижелері азаматтарды қаржылық сауаттылықтың базалық және озық деңгейлері бойынша жіктеуге мүмкіндік берді.

Базалық деңгей

Қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейіне арналған сұрақтар зейнетақымен қамсыздандыру бойынша жауапкершілік, Қазақстандық зейнетақы жүйесінің құрылымы, зейнетақы төлемдерінің түрлері, мөлшері мен көздері, Қордың функциялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы ресми зейнеткерлік жас туралы білімді анықтауға бағытталды. Аталмыш деңгей бойынша респонденттердің нәтижесі 74,2%-ды (өткен жылы – 73,8%)құрады.

Сауалнаманың **еліміздегі зейнетақы төлемдерінің түрлеріне** қатысты сұрақтарына 1 748 респондент (58,3%) Қазақстанда зейнетақы төлемдерінің екі көзі бар екенін білетіндерін көрсетті: мемлекеттік бюджеттен төленетін (базалық және ынтымақты зейнетақы) және міндетті әрі ерікті жарналар есебінен қалыптасқан жинақтардан БЖЗҚ-дан төленетін төлемдер. Бұл көрсеткіш зейнетақы жүйесінің негізгі элементтері туралы жеткілікті деңгейдегі хабардарлықты және оның аралас моделін түсінуді білдіреді.

«**БЖЗҚ немен айналысады?**» деген сұраққа 1 491 респондент (49,7%) дұрыс жауап беріп, Қор міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын жинаумен, зейнетақы жинақтарын есепке алумен және жинақтар есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асырумен айналысатынын көрсетті.

«**БЖЗҚ-ға аударылатын зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз?**» деген сұраққа берілген жауаптар халықтың зейнетақы жарналарының негізгі түрлерін жақсы білетінін көрсетті. Ең танымал түрі – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), оны респонденттердің 90,1%-ы біледі. 2 413 респондент (80,4%) МЗЖ мөлшері табыстың 10%-ын құрайтынын дұрыс атап өтті.

Міндетті зейнетақы жарналарының қосымша түрлері (ЖМЗЖ) туралы хабардар респонденттер үлесі – 25,6%, ал зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін жұмыс беруші төлейтін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) туралы – 21,2%. Сонымен қатар, респонденттердің айтарлықтай бөлігі (43,2%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) мүмкіндігін білетінін көрсетті, бұл ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлауға және зейнетақы капиталын өз бетінше қалыптастыруға деген қызығушылықтың артқанын білдіреді.

«**Қазақстандағы зейнеткерлік жас қандай?**» деген сұраққа 2 523 респондент (84,1%) елімізде зейнеткерлікке шығудың сараланған

жасы белгіленгенін дұрыс көрсетті: ер адамдар үшін – 63 жас, ал әйелдер үшін 2025 жылы – 61 жас. Бұл қолданыстағы зейнетақы саясатын және әйелдердің зейнеткерлік жасына қатысты соңғы жылдардағы өзгерістерді жақсы түсінетінін аңғартады.

Жұмыспен қамтылу мәртебесі зейнеткерлік жас туралы білімнің дәлдігіне елеулі әсер ететіні байқалды. Жалдамалы қызметкерлер – ең хабардар топ (84,9%), себебі олар жұмыс берушілермен, бухгалтериямен жүйелі түрде байланыста болады және ресми ақпаратты жиі алады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жалдамалы қызметкерлерге қарағанда азырақ, бірақ жұмыссыздарға қарағанда жақсырақ хабардар (82,8%). Ал жұмыссыздар арасында қате жауаптар үлесі жоғары – дұрыс жауап 79,7%.

«**Жеке зейнетақы шотыңыздағы қаражаттың жай-күйін қалай білуге болады?**» деген сұраққа 2 959 респондент (98,6%) дұрыс жауап берді. Олар бұл ақпаратты БЖЗҚ-ға жеке жүгіну арқылы, пошта немесе электрондық пошта арқылы алынатын үзінді көшірме, БЖЗҚ сайты мен мобильді қосымшасындағы жеке кабинет, www.egov.kz электрондық үкімет порталы және ХҚКО арқылы білуге болатынын көрсетті.

Озық деңгей

Қаржылық сауаттылықтың озық деңгейін анықтау үшін респонденттерге зейнетақы активтерін инвестициялау қағидаттарын, зейнетақы төлемдерін есептеу тәртібін, зейнетақы аннуитеті тегіні, жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі салық салу ерекшеліктерін және зейнетақы жинақтарының сақталуына берілетін мемлекеттік кепілдікті түсінуді талап ететін сұрақтар ұсынылды. Сауалнама нәтижесі бойынша ілгері деңгейдің жалпы коэффициенті – 45,3% (өткен жылы – 45,2%).

«**Инвестициялық кіріс алу үшін зейнетақы активтерін кім инвестициялайды?**» деген сұраққа 1 745 респондент (58,2%) дұрыс жауап беріп, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін (ҚРҰБ) және/немесе салымшының таңдауы бойынша инвестициялық портфельді басқарушыларды (ИПБ) көрсетті. Респонденттердің шамамен үштен бірі (34,1%) сенімгерлікпен басқарушылар ретінде ҚРҰБ мен ИПБ-ны қатар атады. Бұл көрсеткіш жақсы деңгейдегі хабардарлықты көрсеткенімен, зейнетақы қаражатын басқару қағидаттарын толық түсіну үшін жеткіліксіз екенін аңғартады. 14,3% тек ҚРҰБ-ты, ал 9,8% тек ИПБ-ны атады.

Сонымен қатар, респонденттердің 35,6%-ы зейнетақы жинақтарын «БЖЗҚ-ның өзі басқарады» деген қате пікірде. Бұл жүйелі сипатқа ие болған түсінбеушілік екені де айқын, өйткені жоғары білімді адамдар арасында да қате жауаптардың үлесі (40%-ға дейін) басым.

«**Зейнетақы жинақтарына инвестициялық кіріс қалай есептеледі?**» деген сұраққа 750 респондент (25,0%) инвестициялық кіріс мөлшері нарықтық жағдайға және активтердің құнына байланысты өзгеретінін дұрыс көрсетті.

Зейнетақы жинақтарының өртүрлі қаржы құралдарына инвестицияланып, инвестициялық кіріс әкелетіні туралы білім деңгейі бойынша 1 682 респондент (56,1%) бұл процесті түсінетінін көрсетті: олар жинақтар тек шоттарда сақталмай, инвестицияланатынын біледі. Оның ішінде 45,6% инвестициялау фактісінен хабардар болса, 10,5% - инвестиция нәтижелерін тұрақты түрде қадағалап отырады.

Зейнетақы жинақтарын пайдалану шарттарына қатысты сауалнамада респонденттерге кең таралған бірнеше тұжырым ұсынылып, олардың ішінен бір қате тұжырымды таңдау сұралды. 1 845 респондент (61,5%) «Зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан кез келген жаста алуға болады» деген пікірді қате деп көрсетті. Бұл шынында да дұрыс емес, себебі Қазақстан заңнамасына сәйкес зейнетақы жинақтарын тек белгілі бір жағдайлар туындағанда ғана алуға болады.

«**Зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға кімнің құқығы бар?**» деген сұраққа 869 респондент (29,0%) дұрыс жауап беріп, мұндай құқық 45 жасқа толған және жеткілікті зейнетақы жинағы бар салымшыларға берілетінін атап өтті.

«**БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдеріне салық салына ма?**» деген сұраққа 1 141 респондент (38,0%) дұрыс жауап беріп, қазіргі уақытта БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдеріне жеке табыс салығы (ЖТС) салынатынын, алайда 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл төлемдерге ЖТС салынбайтынын

көрсетті. Жалпы алғанда, респонденттердің 56%-ы зейнетақы төлемдеріне белгілі бір салық салынатынына сенімді, алайда нақты салық түріне қатысты пікірлер әркелкі. Бұл зейнетақы төлемдеріне қатысты салық саясатын түсінудің жеткіліксіздігін көрсетеді.

«Зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекет қандай кепілдіктер береді?» деген сұраққа 1 485 респондент (49,5%) дұрыс жауап беріп, мемлекеттік кепілдік тек міндетті зейнетақы жарналарына қолданылатынын көрсетті. Бұл сұрақ азаматтардың міндетті және ерікті жарналардың айырмашылығын және зейнетақы жинақтарын мемлекеттік қорғау тетіктерін қаншалықты түсінетінін айқындауға мүмкіндік берді.

Осылайша, Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығының базалық және озық деңгейлері 2025 жылы алдыңғы екі жылмен салыстырғанда тұрақты өсім көрсетті. Қазақстан азаматтарының басым бөлігі өздерінің БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарын қарттық кезеңдегі негізгі табыс көзі ретінде қарастырады. Халықтың зейнетақы жүйесімен қамтылуы айтарлықтай артты: БЖЗҚ-ға кемінде бір рет жарна аударған азаматтардың үлесі 2021 жылғы 42,7%-дан 2025 жылы 78,7%-ға дейін өсті. Бұл көлеңкелі жұмыспен қамтудың азайып, зейнетақы бағдарламаларымен қамтудың кеңейгенін көрсетеді.

Сенім деңгейі

«БЖЗҚ»АҚ-ға деген сенім дәрежесін бағалау да қаржылық сауаттылық деңгейі сияқты жынысы, жасы, тұрғылықты жері және әлеуметтік мәртебесі бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша **халықтың Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне деген сенімінің орташа көрсеткіші – 5,92 балл**, ал **БЖЗҚ-ға деген сенімінің орташа деңгейі 6,04 балл** болды.

Зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейі қалыпты-оң деңгейде сақталуда. Азаматтардың басым бөлігі бейтарап-позитивті немесе сақтықпен сенетін ұстанымды ұстанады: олар зейнетақы институттарына ашық сенім білдірмегенімен, айқын сенімсіздік те танытпайды.

Ақпараттың қолжетімділігі мен қабылдануы БЖЗҚ қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігін бағалау көрсеткендей, азаматтардың көпшілігі қажетті мәліметтерді ашық әрі оңай табуға болады деп есептейді. Респонденттердің 57,3%-ы негізгі ақпарат еркін қолжетімділікке ие және оны іздеу қиындық тудырмайды деп санайды. Бұл Қордың ресми коммуникация арналары – сайт, мобильді қосымша, байланыс орталығы мен әлеуметтік желілердің ашықтықты қамтамасыз етіп отырғанын көрсетеді.

БЖЗҚ материалдарының түсініктілігі де қолжетімділік бағасымен шамалас: сауалнамаға қатысқандардың 57,3%-ы Қор ақпарат түсінікті әрі қолжетімді тілде берілген деп есептейді.

БЖЗҚ-ны қабылдауды қалыптастыруда ақпарат алынатын медиакөрсiтiктiң маңызы зор. Деректер елдегі медиапрофильдің цифрлық платформаларға қарай жылдам ауысқанын көрсетеді. Респонденттердің 49,1%-ы жаңалықтарды әлеуметтік желілер арқылы алады, бұл оларды негізгі коммуникация арнасына айналдырады. Ең танымал платформалар – Instagram (32,3%), Facebook (13,6%), WhatsApp (11,9%) және Telegram (10,9%). TikTok (9,3%) пен YouTube (6%) визуалды қабылдауды толықтырады.

Теледидар өлі де 29,4% халық үшін маңызды ақпарат көзі болғанымен, ықпалы жағынан әлеуметтік желілерге жол беріп отыр. Ал сайттар (13,7%), радио (5,6%) және газеттер (2,2%) шеткері орынға ығысты. Бұл зейнетақы тақырыбындағы дәстүрлі коммуникация форматтарының тиімділігі төмендеп, мобильді, визуалды және интерактивті арналардың маңызы артқанын білдіреді.

Алынған деректер зейнетақы сауаттылығын одан әрі арттыру, ақпараттық материалдардың қолжетімділігін жетілдіру және халық үшін цифрлық мүмкіндіктерді дамыту қажеттігін көрсетеді.

БЖЗҚ халықты зейнетақы жинақтары туралы өзекті, түсінікті және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүйелі ақпараттық түсіндіру жұмыстарын және цифрлық шешімдерді кеңейтуді одан әрі жалғастырады.

Социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша толық есеп БЖЗҚ-ның ресми сайтында орналастырылған.

МӘМС: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Жыл басынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі жеңілдігі бар азаматтар санатына әлеуметтік осал топтарға жататын D және E санатындағы азаматтар енгізілді. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізбесі кеңейтіліп, олар бойынша тексерулер сақтандыру мәртебесіне қарамастан тегін жүргізіледі. Бұдан бөлек, МӘМС-тің базалық пакетіне бірқатар созылмалы аурулар енгізілді.

Қызылорда қаласының тұрғыны Зибаш Ахметова қант диабеті және жүрек-қан тамырлары аурулары бойынша диспансерлік есепте тұр. Қазіргі таңда пациент көзге ота жасауға дайындалуда.

- «МӘМС жүйесінде сақтандырылғандықтан, емханада барлық қажетті тексерулерден өтіп, жыл сайын күндізгі стационарда ем аламын. Қазір Емдеуге жатқызу бюро порталы арқылы облыстық ауруханада емделуге дайындалып жатырмын. Медициналық көмек алу барысында ұзақ күту жоқ», - дейді пациент.

Не 4 қалалық емханаға шамамен 41 мың тұрғын тіркелген, олардың 6 мыңға жуығының «сақтандырылған» мәртебесі жоқ. Жыл басынан бастап D және E санатындағы азаматтар үшін жарналар жергілікті бюджет есебінен төленуде.

Жалпы тәжірибелік дәрігері Айжан Өтепбергеннің айтуынша, диспансерлік есепте тұрған созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар 16 пациент тұрақты түрде гемодиализ қабылдайды.

Егер бұл пациенттер МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған болса, олардың жылдық шығындары 5 миллион теңгеге дейін жетуі мүмкін еді. Сақтандырылған мәртебесінің болуы медициналық көмекті уақтылы, толық көлемде және қаржылық шығынсыз алуға мүмкіндік береді», - деді дәрігер.

Қызылорда облысында 818 мыңнан астам адам тұрады, олардың 95 мыңнан астамы МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалында сақтандырылмаған тұрғындар санының біртіндеп азайып келе жатқанын атап өтті.

- Өңірде шамамен 5 мың тұрғын тағарыстық және шұғыл санаттарға жатады. Оның ішінде 3,5 мыңы - D санаты, шамамен 1 500 адам - E санаты. Әлеуметтік осал азаматтар үшін жарналар медициналық ұйымға жүгінген сәттен бастап жыл көлемінде төленеді. Бұл ретте қосымша құжаттар талап етілмейді», - деп хабарлады «ӨМСҚ» КеАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ ЖОСЫҚСЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Талап қоюшы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны сотқа талап қою беріп, онда жауапкер «Б» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Іс құжаттарына сәйкес, талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы келісім жасалып, жауапкер тиісті тауарларды талап қоюшының тапсырысына сәйкес жеткізуге тиіс болған. Алайда, жауапкер белгіленген уақытта тауарларды жеткізбей, шарт бойынша өз міндеттемесін тиісті түрде орындамаған.

Сот іс құжаттарын зерделей келе, талап қоюды қанағаттандырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп таныды.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен азаматша С.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес, азаматша С.-ның көмелетке толмаған ұлы көлік құралын басқаруға құқығы жоқ күйінде басқарған.

Осылайша, азаматша С. көмелет жасына толмаған ұлын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамай, оның әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекетке баруына жол берген.

Сот қаулысымен азаматша С. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 55 048 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әлеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №4 үйде (Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимараты) орналасқан Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде 21-6-90 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды. «Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Шалабасва Зульфия Құрманалықызы әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-17.00 аралығында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетінін хабарлайды.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости и социальных программ города Кызылорда ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фәкілтері үшін редакция мен жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БІҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	

Комиссия күнделігі

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕГІ – «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

Конституциялық комиссияның кезекті отырысында жаңа Ата Заң мәселесін қарау ұсынылды. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Дания Еспаеваның айтуынша, жекелеген түзетулер емес, жаңа Конституция қажет. Ал депутат Айдос Сарым пропорционалды жүйенің мажоритарлық жүйеге қарағанда айтарлықтай артықшылықтарға ие екенін айтты.

– «Конституция жобасында отбасы мен балаларды қорғау күшейтіліп, неке институтын нығайтуға бағытталған жаңа нормалар көзделген», – деп атап өткен Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зөкіева, «Қазақстандағы білім және тәрбие беру жүйесі зайырлы екенін Конституцияда бекіту қажет», – деген Қолданбалы экономикалық зерттеулер орталығының ғылыми жетекшісі Жақсыбек Құлекеев өз пікірлерін ортаға салды.

Мәжіліс депутаты, Аманат партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Халық Кеңесі Құрылтайдың баламасы еместігін, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Конституцияға «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Заң мен Тәртіп» және «Таза Қазақстан» идеяларын енгізуді атап өтті.

«Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай адвокатура-ның мәртебесіне қатысты нормалар әлі де нақтылауды қажет ететініне, Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының жетекшісі Серік Егізбаев бүгінгі реформа тек білімді ғана емес, елдің болашағы үшін жауапкершілік алатын саяси мінезді талап ететініне тоқталды.

Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың пайымдауынша, Конституция-да соттың санкциясынсыз ұстау мерзімдерін белгілеу қажет емес. Отырыста депутат Снежанна Имашева жаңа Конституцияны қабылдау нәпкітен орынды екенін түсіндірсе, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров Құрылтай мен Халық Кеңесі халық-тың даусын билікке жеткізетін алатын көпір болатынын, Қазақстан Жазу-шылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов шығармашылықты қорғау жаңа Конституциядағы маңызды норма екенін атады. Комиссияның басқа да мүшелері Ата Заңға енгізілетін өзгерістерге орай ой-пікірлерін айтты. Кезекті отырыста Конституциялық

реформалар жөніндегі комиссия мүшесі, Қызылорда облыстық мәслиха-тының төрағасы Мұрат Тлеумбетов жергілікті өкілді орган – мәслихат төрағаларының атынан сөз сөйледі.

– Әділетті Қазақстанның өзегі – «Заң мен тәртіп» қағидатының Конституциямызда көрініс табуы туралы ұсыныс өзекті. «Заң мен тәртіп» – әр адамның өзіне тиесілі



негізгі құқықтарын пайдаланудың қажетті шарты. Заң үстемдігі мен тәртіпке конституциялық пәрмен берілуі – елімізді жаңғыртудың жаңа кезеңіндегі мақсаттарымызға жетудің бірден-бір факторы. Ұлттық құнды-лықтарымыз бен елдің идеялық бағдарын Конституцияның кіріспесіне енгізу жөніндегі пікірлер орынды деп санаймыз. Конституция жобасындағы адамның ең жоғары құндылық екені, оның құқықтары мен бостандығы мақсатындағы жаңалықтарды қолдаймыз», – деді М.Тлеумбетов.

Мәслихат төрағасы неке және отба-сы құндылығының Ата заң деңгейін-де қорғалатынына, адами капитал-ды одан әрі дамыту бағыты кеңінен талқыланғанына, бұл заманауи цифр-лық технологиялар мен жасанды интеллектіні игерген адами капиталға сүйенген инновациялық экономикаға кеңінен жол ашатынына тоқталды.

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ҚОЛДАДЫ

Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының Төрағасы Серік Егізбаевтың жетекшілігімен өткен фракция отырысында Конституцияның жаңа жобасы мен оған енгізілген өзгерістер кеңінен талқыланып, маңызды құжатты ел ішінде белсенді түсіндіру жұмыстарының қажеттілігі айтылды.

Серік Рахметоллаұлы жиналған қауымды ел болашағы үшін маңызды құжаттың басым бағыттарымен таныстырып, ұсынылған Конституция жобасын мұқият зерделеуге және шындыққа сәйкес келмейтін арандатушылық жарияланымдардың ықпалына түспей, тек ресми құжатқа сүйене отырып, сындарлы пікір қалыптастыруға шақырды.

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бірпалаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Конституция жобасының жаңа редакциясында преамбула, 11 бөлім және 95 бап бекітілу ұсынылды. Онда адам құқықтары мен бостандықтары — мемлекеттің басты басымдығы ретінде анықталып, бірлік, ұлтаралық және дінаралық келісім мемлекеттік құндылық ретінде бекітілді. Білім, ғылым, мәдениет пен инновацияларды дамыту - мемлекеттік саясаттың стратегиялық басым бағыттары ретінде аталып, цифрлық құқықтарды қорғау мен саяси институттарды қайта құру сияқты жаңа нормалар енгізілді. Бұл өзгерістер елдің құқықтық жүйесін заманауи талаптарға сәйкес нығайтуға бағытталған.

«Ауыл» фракциясының депутаттары Ата Заң жобасын бірауыздан қолдап, оның құқықтық мемлекетті нығайту және Қазақстанның одан әрі дамуы үшін маңыздылығын атап өтті.

Жаңа Конституция бойынша нақты шешім халықтарапынан жалпыұлттық референдумда қабылданады. Конституциялық комиссияның жұмысы одан әрі жалғасуда.

АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ:

«КОНСТИТУЦИЯНЫҢ КВИНТЭССЕНЦИЯСЫ — ОНЫҢ МЫЗҒЫМАС РУХЫ»

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов Конституцияның Преамбуласы әдетте жай ғана салтанатты сөздер жиынтығы деп қабылданып келгенін, алайда жаңа Конституция жобасындағы мәтін де, мағына да, салмақ та мүлдем бөлек екенін мәлімдеді.



– «Конституцияның квинтэссенциясы – оның мызғымас рухы. Бұл мәтінді оқи отырып, тек құқықтық нормаларды емес, Ұлы даланың мың жылдық тарихының сабақтастығын сақтайтын жаңа мемлекеттік ұстанымды көріп отырмыз. Бұл нормалар – құрғақ сөз бен популизмге қарсы тұратын құқықтық қақпан, құқықтық шенбер, нағыз иммунитет», – деді депутат.

ЕРМҰРАТ БАПИ:

«БИЛІК ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ ЫҚЫЛАСЫ ҒАНА БІЗДІ ЖАСАМПАЗ БОЛАШАҚҚА БАСТАЙ АЛАДЫ»

Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи қазір мемлекет-тілікті, Тәуелсіздікті, елдікті қауіпсіздендіру қам-қарекетін жасау бәрінен де маңызды екенін, сондық-тан Президент ұлттық деңгейдегі саяси трансфор-мация жасау реформасын ұсынғанын мәлімдеді.



– «Мен бұл бастаманы толық және сөзсіз қолдаймын. Қоғамда билікті күшейту әрекеті жасалып жатыр деген жекелеген пікір бар. Жок! Бұл күшейтудің мәнін біз билікті күшейту арқылы Тәуелсіздікті, ұлттық мемлекетіміздің қауіпсіздігін күшейтіп жатырмыз деп түсіну керек. Әлемдік тәртіп өзгеріп жатыр. Қазақстан осы өзгерістер әлемінде өз Тәуелсіздігін берік ете отырып, жаңа тәуекелдерге дайын болуы керек. Қазіргі геосаяси гәу-гәу асқынып бара жатқан әлемде біздің елдің мемлекеттік билігі бұрынғыдан да монолитті және біртұтас болуы керек. Билік пен қоғамның ортақ ықыласы ғана бізді жасампаз болашаққа бастай алады», – деді депутат.

ЕКІ МЫҢНАН АСТАМ ҰСЫНЫС...

Астанада Конституциялық комиссияның екінші отырысы өтіп, реформаға байланысты келіп түскен ұсыныстар талқыланды. Комиссия жұмысы ашықтық пен жариялылық қағидаттарына негізделген, талқылаудың барлық кезеңі тікелей эфирде көрсетілуде. Отырыс модераторы, Қазақстан Республикасы Конституция-лық Сотының төрайымы Эльвира Азимова екі мыңнан астам ұсыныс келіп түскенін, оның барлығы біртұтас жинақталған кестеге топтастырылғанын атап өтті. Азаматтар мен сарапшылардың белсенді қатысуы конституциялық өзгерістердің қоғамдық маңызын және реформаға деген жоғары қызығушылықты айқын көрсетеді.

– «Мұндай диалог форматы реформаның негізгі қағидатын көрсетеді: конституциялық реформа ең алдымен халықтың мүддесі үшін және оның тікелей қатысуымен жүргізіледі», – деді Эльвира Азимова.

Отырыста үш негізгі спикердің, атап айтқанда, Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров және Мәжіліс депутаты Снежанна Имашеваның баяндамалары тыңдалды. Олар 2025 жылдың қазан айынан бері түскен ұсыныстар негізінде әзірленген құқықтық тәсілдер мен түзетулерді ұсынды. Басқосуда «Құрылтай», «Халық кенесі» бөлімдері талқыланды. Конституциялық комиссия мүшелері Ата заңның жекелеген нормалары, баптары мен бөлімдерін жан-жақты талдады.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы Конституциялық реформа жөніндегі комиссияны құру туралы Жарлыққа қол қойып, оның ережесі мен құрамы бекітілген болатын. Комиссия құрамында еліміздің өңір басшыларының арасынан Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бар. Аймақ басшысы Конституциялық комиссияның мүшелеріне отырыстарына, жекелеген жұмыс секцияларындағы талқылауларға қатысуда.

Сондай-ақ, Астанаға сапары аясында Үкімет басшысының орынбасарларының қабылдауында болып, Байқоңырда жүзеге асырылатын жобалар, алдағы егін егу науқаны, су тапшылығы, жол мәселесі бойынша ұсыныстар енгізді.

ЖАҢА ЖОБА ЖАРИЯЛАНДЫ

Конститутциялық кеңестің кезекті отырысында Конституциялық Соттың төрағасы Эльвира Азимова жаңа Конституция жобасының мәтіні «Егемен Қазақстан» және «Каззахстанская правда» республикалық басылымдарында, сондай-ақ Конституциялық Соттың ресми сайтында жарияланатынын хабарлады.

Конституциялық комиссияның жұмысы ашық әрі мазмұнды форматта жүргізілуде. Комиссия құрамына заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің өкілдерімен қатар, ғылыми қауымдастық, азаматтық сектор және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қамтыған 130 адам тартылған. Барлық отырыстар Конституциялық Соттың әлеуметтік желілерінде және «Конституциялық реформа 2026» арнайы Telegram-арнасында тікелей эфирде көрсетіліп келеді.

Эльвира Азимова Жаңа Конституция жобасын талқылау барысында түзетулер санына емес, оның жаңартылған мазмұны мен мәніне басымдық беру маңызды екенін атап өтті.

– «Жаңа Конституцияның негізінде адамға бағытталған мемлекеттік модель жатыр. Онда адам, оның құқықтары мен бостандықтары, қадір-қасиеті ең жоғары құндылық ретінде айқындалған. Сондай-ақ халықтың дәстүрлі құндылықтары, тарихи тәжірибесі, әділеттілік, жауапкершілік және қоғамдық бірлік қағидаттары кеңінен көрініс тапқан», – деді Конституциялық Соттың төрағасы.

Ұсынылған өзгерістердің ауқымын ескере отырып, комиссия мүшелерінің басым бөлігі бұл құжатты тек жекелеген түзетулер жиынтығы ретінде қарастыру мүмкін емес деген ортақ пікірге келген. Мемлекет басшысы бұл ұстанымды қолдап, Жаңа Конституция жобасын бүкілхалықтық талқылауға шығаруды қолдады.

Осыған байланысты Жаңа Конституция жобасының толық мәтіні республикалық басылымдарда және Конституциялық Соттың ресми интернет-ресурсында жарияланды.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ӨҢІРЛІК АКТИВ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Конституциялық реформалар жөніндегі өңірлік актив отырысы өтті. Оған мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының, басқармалар мен аумақтық департаменттердің басшылары, қоғамдық кеңестің мүшелері, зиялы қауым, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жаңа Ата Заңның жобасы әзірленді. Осы мақсатта 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылды. Бір аптаға жуық жұмыс жасаған комиссия жеке азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды егжей-тегжейлі талдады. Ашық қоғамдық талқылаулардың, жаңа нормалар мен ережелерді жан-жақты әрі тиянақты пысықтаудың нәтижесінде Ата заңның жаңа жобасы әзірленіп, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Аймақ басшысы жаңа Конституция жобасының маңыздылығына тоқталып, Сыр өңірі жұртшылығын бұл бастамаға жоғары жауапкершілікпен, белсенді атсалысуға шақырды.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылғы 8 қыркүйкте халыққа арнаған Жолдауында Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөнінде бастама көтерді. Бұл ұсыныс Конституциялық реформаны жүзеге асыруға негіз болып, Парламенттік реформа жөніндегі арнайы Жұмыс тобы құрылды. Қазан айынан бері еліміздегі саяси партиялардан, сарапшылардан, саяси-қоғамдық институттардан, үкіметтік емес ұйымдардан, азаматтарымыздан Парламенттік реформаға қатысты ұсыныстар жинақталды.

Мемлекет басшымыз Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бесінші отырысында жұмыс тобының ұсыныстарын негізге ала отырып, Қазақстанның алдағы саяси бағыт-бағдарын айқындап берді.

Президентіміз Құрылтайда еліміздегі бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы ретінде Конституциялық реформаға қатысты өз ұстанымдарын жеткізді. Ел тарихындағы маңызды шешімдерді ұсынды.

Жаңа Ата Заңның жобасындағы бірқатар баптар мен бөлімдердің мазмұны тұтас конституциялық моделді айтарлықтай жаңғыртуға, саяси-қоғамдық институттарды жетілдіруге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге негіз болады. Бұл – ел тарихындағы маңызды әрі тағдыры қадам болмақ», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында Парламент Сенатының жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесі, Қызылорда облысының Құрметті Азаматтары Бекмырза Қайыпұлы мен Мұрат Бактиярұлы, облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, облыстық мәслихаттың төрағасы, Конституциялық комиссияның мүшесі Мұрат Жолкелдіұлы, Қазақстанның Еңбек Ері, Конституциялық комиссияның мүшесі Имамзада Қуанышбайұлы өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

ҮНЗИЛА ШАПАҚ:

«КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ БҰҰ ҚАҒИДАТТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕДІ»

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақ Конституция жобасының халықаралық стандарттарға сәйкестігін мазмұндық тұрғысынан қарастырды.

– «Конституция жобасы Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысында бекітілген егемендік, теңдік және халықтардың өзін-өзі анықтау қағидаттарына сәйкес келеді. Конституция жобасында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендік иесі Қазақстан халқы деп бекітілуі халық егемендік қағидатын айқын көрсетеді. Бұл норма Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысы, Адам құқықтары жалпыға бірдей декларациясы, сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге үйлеседі. Жалпыхалықтық референдумды халық билігін тікелей жүзеге асыру нысаны ретінде бекіту – демократиялық легитимділікті күшейтеді және халық егемендік доктринасына сәйкес келеді», – деді депутат.

ЕРЛАН САИРОВ:

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ ТЕГІН ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ»

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Ерлан Саиров Конституцияда бекітілген білім беру саласындағы негізгі кепілдіктерге тоқталды.



Депутаттың айтуынша, Конститу-цияда орта білімнің міндетті екені және мемлекеттің оған толық кепілдік беретіні нақты жазылған. Сонымен қатар Қазақстан жастарының тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

– «Мұндай құқық әлемнің көп-теген мемлекеттерінде жоқ. Бұл – еліміздің жастарға деген ерекше көзқарасының көрінісі. Қазақстан-ды тәуелсіз, ықпалды әрі эконо-микалық тұрғыдан қуатты мемле-кет ретінде келесі ұрпаққа табыс-таудағы ең басты міндеттің бірі», – деді депутат.

Үкімет пен әкім

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ӨТТІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен арнайы инвестициялық кеңеске облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров селекторлық режим арқылы қатысты.

Инвестициялық кеңестен соң облыс әкімі орынбасарының төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдің инвестициялық ахуалы, қолдау шаралары талқыланып, сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

Былтыр өңірге 631,4 млрд. теңге инвестиция тарту межесі бекітілген болатын. Индустриялық және инфрақұрылымдық жобалар есебінен 774,5 млрд. теңге инвестиция тартылып, индикатор 22,7% немесе 143,1 млрд. теңгеге артық орындалды. Жеке қаражат 558,6 млрд. теңге, 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсім 14,9 пайыз, жеке инвестицияның үлесі 72 пайыз болды.

HARVEST ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТОРДЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖОБАСЫ

Өткен жылдың қазан айында Жаһандық инвестициялар жөніндегі қазақстандық деңгелек үстел аясында Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі және швейцариялық Harvest Agro компаниясы арасында агроиндустриялық кластер құру туралы үшжақты Негіздемелік келісімге қол қойылған болатын.

Келісім бойынша компания аймақта ірі инвестициялық жобаны іске асыруда. Бұл – ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу мен жоғары тиімді технологияларды енгізу стратегиясының бір бөлігі. Аумағы 23,5 мың гектар жерге техникалық қарасора, жүгері және соя дақылдарын өсіру, қайта өңдеу жоспарланған. Жоба құны 51 млрд теңге, іске асыру барысында аймақ тұрғындары үшін 150-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Бірінші кезең биыл басталады деп жоспарланған. Бұл кезеңде 8,5 мың гектар суармалы жер игеріліп, тұқым өңдеу зауыты салынады. Екінші кезеңде егіс алқабы екі еселеніп, қайта өңдеу қуаттылығы жылына 60 мың тоннаға дейін жеткізіледі. Жыл сайын шамамен 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері және 20 мың тонна соя өндіріледі. Бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетін арттыруға айтарлықтай үлес қосады.

Harvest Agro компаниясы 6 мың гектар жер учаскесін тегістеп бітіріп, 8,5 мың гектар жерді тегістеуді бастады. Қазіргі уақытта 110 техника, 15 жаңбырлатып суару жабдығы орнатылуда, жұмысқа 200 адам жұмылдырылған. Сонымен қатар центрпивотты жаңбырлатқыш машиналар қолданылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, күріш алқаптарын кезең-кезеңімен қысқартып, суармалы суды аз қажет ететін дақылдарға көшу жұмыстары басталды. Осы бағытта жүгері егістігінің көлемін ұлғайтуға басымдық берілуде. Өткен жылы жүгері 1700 гектарға егілсе, биыл 10 мың гектарға жеткізіледі.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы Сырдария өзенінің су ресурстарына тікелей байланысты. Өңірдің ауыл шаруашылығының дәстүрлі бағыты – негізгі және стратегиялық маңызы бар күріш дақылын өсіру. Ал әртараптандыру жобасы су ресурстарын тиімді пайдалануға, заманауи суару технологияларын енгізуге мүмкіндік береді. Бұл шаралар су тапшылығының алдын алып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға және өңірдің аграрлық әлеуетін нығайтуға бағытталған.

ТУРИЗМДЕ ТҮЙТКІЛ КӨП...

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы алға қойған міндеттер шеңберінде туризмді дамыту мәселесі қаралды.

Жиында туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов жазғы туристік маусымға дайындық және саланы дамыту жоспарлары туралы, көлік министрі Нұрлан Сауранбаев туристік нысандарды көлік инфрақұрылымын дамыту шаралары туралы, Kazakh Tourism компаниясының басқарма төрағасы Талғат Ғазизов іс-шаралар туризмін дамыту және елімізге шетелдік туристер тарту жоспарлары туралы баяндады.

– **«Былтыр Президент азаматтардың көптеген шағымдарынан соң Алақолдің айналасындағы, сондай-ақ жалпы еліміздегі туристік дестинациялардағы инфрақұрылым мен сервистің нашарлығын, қарапайым қауіпсіздік ережелерінің сақталмауын қатаң сынға алды»,** — деп атап өтті Олжас Бектенов. Дүниежүзілік экономикалық

Экономиканы әртараптандыру мақсатында 2026-2028 жылдары 1 трлн. 900 млрд. теңгенің 48 инвестициялық жобасын жүзеге асыру, 6 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу көзделген.

Биыл 100 млрд. теңгенің 21 жобасы, атап айтқанда, қуаттылығы 3,5 мың тонналық құс фабрикасы, 5,2 мың тонналық тауарлы сүт фермасы, вагон жөндеу кешені және 50 МВт-тық 2 күн электрстанциясы іске қосылады. Бұдан бөлек 753 млрд. 300 млн. теңгеге бағаланған 14 ірі жоба құрылысы басталуда.

Өткен жылы кореялық With you E&C Quyzylorda компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар сұрыптау кешені, Rixos қонақүйінің құрылысы қолға алынды.«Табиғи тас Қызылорда» серіктестігі 17 млрд. 300 млн. теңгеге жылына 1 млн. 100 мың тонна әк шығаратын зауытты іске қосады.Бүгін «Арал сода» серіктестігінің кальцийленген

сода өндіретін зауыт құрылысын бастау бойынша ЕРС-шарттың негізгі талаптарына қол қойылады.

«Шалқия» кен-байыту фабрикасы, Seven rivers technologiesкомпаниясының шыны бөтелке, испандық Роса groupкомпаниясының санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауытының құрылысы да жақын арада бастау алмақ. Швейцариялық Harvest Agroкомпаниясының техникалық қарасора, жүгері мен соя өсіретін, қайта өңдейтін зауытының, жүгері дақылын терең өңдейтін крахмал-сірне зауытының құрылысы басталды.

Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес арнайы өңірлік инвестициялық штаб құрылған. Өткен жылы инвестициялық штабтың 9 отырысы өткізіліп, 30 инвестжобаны қолдау шаралары қабылданды.

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ШТАБЫ БАР

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров, «Қазақ Инвест» ұлттық компаниясы департамент директорының орынбасары Марат Есенов, Бас прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі бастығының орынбасары Ризат Смағұловтың бейнебайланыс арқылы қатысуымен өңірлік инвестициялық штаб отырысы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдары мен басқарма басшылары, штаб мүшелері, бизнес өкілдері, селекторлық режимде қала, аудан әкімдері қатысты.

Аймақ басшысы инвестиция тарту бойынша өңірде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– **«Мемлекет басшымыздың бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы ретінде Конституциялық, Парламенттік және мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформалар туралы бастамалар көтерілді.**

Өткен аптада Астана қаласында Конституциялық реформа жөніндегі комиссия отырыстарында Ата Заңға енгізілетін түзетулер талқыланып, жаңа Конституция жобасы ұсынылды.

Өзгерістер негізінен биліктің құрылымдарын қайта қарауды, адам құқықтарын күшейтуді, мемлекеттік басқарудың жаңа институттарын енгізуді қамтыды.

Негізгі заңның құқықтық мәртебесінің күшеюі реттеуші ортаның болжамдылығы мен тұрақтылығын арттырады. Бұл инвесторлар үшін аса маңызды. Өйткені тұрақты конституциялық негіз құқықтық өзгерістердің кенеттен туындау тәуекелдерін төмендетіп, заң үстемдігін нығайтады.

Заң үстемдігі – ұзақ мерзімді инвестициялар үшін шешуші фактор. Мемлекет басшымыздың тапсырмасына сәйкес сапалы инвестициялар ағынын арттыру, қосылған құны жоғары серпінді жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуіміз қажет», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда Әлібек Қуантыров, Ризат Смағұлов инвестиция тартудың жаңа тәсілдері мен Инвестициялық омбудсменнің рөлі туралы айтты. Инвесторлар құқығын қорғауда аймақта атқарылған шаралар туралы Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров, өңірдің инвестициялық ахуалы, жаңа жобаларды іске асыру барысы туралы облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев баяндама жасады.

Жиын соңында облыс әкімі сала басшыларына тапсырмалар жүктеді. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, аймақта арнайы өңірлік инвестициялық штаб құрылған. Бүгінде Қызылорда облысында қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Өткен жылдың қорытындысымен 774 млрд 468 млн теңге инвестиция тартылып, өсім 10,6 пайыз болды. Жоспар 22,7 пайызға артығымен орындалды. Сыр өңірі индикатордың орындалуы бойынша алдыңғы орынға шықты.

Жеке инвестиция үлесі 72 пайыз, тоғыз айдың қорытындысымен 205 млн. АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылып, өсім 19,1 пайызды құрады.

Өткен жылы 300 млрд. теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба іске қосылды. Экономиканы әртараптандыру мақсатында 2026-2029 жылдары аймақта 1 трлн. 900 млрд. теңгеге 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10 308 жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 100 млрд. теңгенің 21 жобасын іске қосу жоспарланған.

Премьер-министр Олжас Бектенов Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің аралық отырысын өткізді. Онда инвесторларды қолдау мәселелері қаралды.

ИНВЕСТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша проактивті инвестициялық саясатты енгізу жұмыстары жүргізуде. Жасанды интеллектіні дамытужәне цифрлық трансформация ұлттық басымдықтардың бірі ретінде айқындалды. Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін институционалдық құрылым қалыптастырылды: халықаралық сарапшылардың қатысуымен ЖИ дамыту жөнінде Президент жанындағы кеңес құрылып, Цифрлық штаб жұмыс істейді. Цифрлық кластерді

қынды дамытуға және ІТ қызметтері экспортының көлемін биыл \$1,2 млрд-қа дейін арттыруға бағытталған. Тұтастай алғанда, цифрлық трансформация және ЖИ дамуы біз үшін тұрақты экономикалық өсу, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартудағы маңызды элементтер саналады. Бұл ретте Үкімет барлық салада инвесторлармен сындарлы диалог орнатуға ашық әрі табысқа жетуге және

ЕҚДБ-ның бағалауы бойынша Қазақстан өз тарихында тартқан шетелдік инвестициялар көлемі бойынша Орталық Азияда көшбасшы позициясын сақтап отыр. Бұл туралы Еуропалық қайта құру және даму банкінің Орталық Азия мен Моңғолия бойынша басқарушы директоры Хусейн Озахан мәлімдеді. **"Қазақстан осы көрсеткіш бойынша Орталық Азия өңірінде белгілі бір жағдайларда көшбасшы орында тұр. ЕҚДБ ұлттық экономиканың түрлі салаларына инвестиция салатын шетелдік инвесторлардың серіктесі екенін мақтан тұтады" - деп атап өтті ол.**

нығайту үшін халықаралық Alem.ai ЖИ орталығы ашылды, сонымен қатар инфрақұрылымдық жобалар, оның ішінде «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» мен Astana Hub экожүйесі жүзеге асырылуда. Технологиялық жобалардың ауқымын кеңейту үшін стартаптардың үдеткіші ретінде Венчурлық инвестициялар қоры іске қосылды. Құны \$1 млрд-тан асатын Playuh, Mynona және NetCracker сияқты ірі компаниялар қазақстандық нарыққа енді.

«ЕлПрезидентініңнұсқауларына сәйкес жүзеге асырылып жатқан стратегия цифрлық секторды қар-

Бас прокурор Берік АСЫЛОВ:

БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ БЮРОКРАТИЯ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде прокуратура органдары инвестициялық жобаларды қарқынды түрде сүйемелдеу форматына көшуде. Бас прокурор Берік Асыллов Арнайы инвестициялық кеңес барысында ведомство жұмысындағы жаңа басымдықтарды белгілеп берді. Әкімшілік кедергілерді жоюға және рұқсат құжаттарын беруді кешіктіргені үшін лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігін күшейтуге баса назар аударылды.

Берік Асыловтың айтуынша, соңғы 2 жылда прокуратура осы салада айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген, алайда құқық белгілейтін құжаттар мен техникалық шарттарды беру кезіндегі бюрократия сияқты жүйелі проблемалар жобалардың дамуын тежеп отыр.

– **«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша прокуратура инвестициялық жобаларды сүйемелдейді. Негіз ретінде «Бюрократияға мүлде жол жоқ – барынша нақты іс-әрекет» қағидаты басшылыққа алынып отыр. Біз екі жыл ішінде бұл проблемалармен бірнеше рет кездестік. Мұнда үлкен мәселе жатыр. Инвесторлар тиісті инфрақұрылымдар мен рұқсат құжаттарын ешқандай бюрократиясыз бірден алуы керек. Көптеген мәселелердің түп-тамыры да осында. Құқық белгілейтін құжаттар уақытында берілмейді, барлық жерде бюрократия, сол осының бәрін тежеп отыр. Біз орындалуы міндетті алдын ала жазбаша ескертулер мен нұсқаулар береміз. Бұл ете маңызды. Инвесторларды қорғау мақсатында халықаралық құқықтық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіреміз және жүзеге асырамыз. Мемлекеттік органдармен бірлесіп барлық инвестициялық жобаларға тексерулер жүргіземіз»,** — деп атап өтті Берік Асыллов.

Бүгінгі таңда Бас прокуратураның мәліметінше, Қазақстанда мемлекеттік органдардың бизнеске қарсы көтерген мыңнан астам негізсіз бастамаларының алды алынды, ал инвесторларға қатысты қылмыстық істердің саны қадағалаудың жаңа құралдарын енгізудің нәтижесінде екі есеге қысқарды.

Одан бөлек өнді инвесторға қарсы бірде-бір тексеру, айыппұл немесе талап-арыздар прокурордың келісімінсіз күшіне енбейді. Бұл механизм 400 заңсыз тексерулердің күшін жоюға, 500 әкімшілік іс жүргізудің жолын кесуге және 200 шектеу шараларының алдын алуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ «прокурорлық сүзгінің» нәтижесінде инвесторлармен сот даулары 30%-ға қысқарды, ал бизнестің қадағалау органына деген сенімі 70%-ға дейін өсті. Занбұзушылықтар мен әуре-сарсаңға салғаны үшін 340 лауазымды тұлға жауапқа тартылды.

Сонымен қатар әрбір маңызды инвестициялық жобаға дербес прокурор бекітілді. Қазірдің өзінде 2 мыңға жуық инвестордың проблемалары шешіліп, 250 жобаны іске қосу мүмкін болды.

Кей жерлерде энергия қуаты жетіспейді. Тәулік бойы жұмыс істейтін медициналық бекеттерді, құдық қорғау органдары мен құтқару қызметтерін ұйымдастыру ісі барлық жерде бірдей шешімін таппай келеді.

Туристік нысандарға жақын дәмханалар мен дүкендерде бағалар сол күйі қымбат.

Шашылып жатқан қоқыстарға, демалыс орындарына апаратын жолдар мен көлік тұрақтарының жотқығына қатысты туристер тарапынан түсіп жатқан шағымдар көп.

– **«Осындай мәселелерді шешу үшін барлық әкімдіктің, “Атамекен” палатасының, әр өңірден туризм саласындағы ірі кәсіпкерлердің, сондай-ақ тиісті сарапшылардың қатысуымен Желел үйлестіру кеңесін құру қажет. Оған Аида Ғалымқызы басшылық етеді»,** — деп тапсырды Олжас Бектенов.

Үкіметтің, облыс әкімдігінің баспасөз қызметтері ақпараттары бойынша дайындалды

СЫРТҚЫ ІСТЕРДІҢ ҚОЛДАУЫ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыровпен кездесті. Кездесуде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

– «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда.

Бұл ретте Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті және «Қазақ инвест» ұлттық компаниясы тарапынан шетелдік инвесторларды тартуға, инвестициялық келісімшарт жасауға белсенді қолдау көрсетілгенін ерекше атап өтеймін.

Осындай қолдаудың арқасында бүгінде туркиялық «Акса энерджи», германиялық «Медал груп», оңтүстік кореялық «Уиз ю», испандық «Рока груп», швейцариялық «Харвест агро» сияқты ірі инвесторлар өңірде өз жобаларын жүзеге асыруда.

Сонымен қатар, суару жабдықтары мен механикалық суару жүйелерін өндіретін америкалық «Рейнке»

компаниясымен келіссөз жүргізіліп,

жақын арада кездесу жоспарланған.

Өткен жылы 9 инвестор инвестициялық келісімшартқа және 1 инвестор инвестициялық келісімге қол қойды», – деді Н.Нәлібаев.

Былтыр өңірге 631,4 млрд. теңге инвестиция тарту межесі бекітілген. Индустриялық және инфрақұрылымдық жобалардың есебінен 774,5 млрд. теңге инвестиция тартылып, индикатор 143,1 млрд. теңгеге артық орындалды. Тікелей шетелдік инвестиция тарту көрсеткіші бойынша 280 млн. АҚШ доллар межесі бекітілген. 2025 жылдың 9 айында 205,7 млн. АҚШ доллар тартылып, өсім 19,1 пайызды құрады.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында 2026-2029 жылдары аймақта құны 1 трлн. 900 млрд. теңгеге жуық 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10,3 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 100 млрд. теңгенің 21 жобасы жоспарланған.

Өз кезегінде Әлібек Қуантыров өзара ынтымақтастықты жалғастырудың және өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін бірлесіп жұмыс жасаудың маңызын атап өтті.

ТӨРТЕУІ САЛЫНАДЫ...

Аймақта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асуда. Бұл шаралардың басты мақсаты – халықтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру.

Облыс орталығында, нақтырақ айтқанда Президент паркі аумағында 48,5 млрд теңгеге 200 орындық перинаталдық орталық пен сол жағалауда 14,78 млрд теңгеге 500 орындық емхананың құрылысы басталады. Болашақ перинаталдық орталық ана мен балаға мамандандырылған заманауи медициналық көмек көрсетеді. Орталықта қабылдау-қарау, стационарлық, диагностикалық, операциялық, реанимациялық және әкімшілік бөлімдер болады. Сондай-ақ, жерасты өткелі арқылы байланысқан жеке зертхана ғимараты мен ас блогы қарастырылған.

Медициналық мекеме жүкті әйелдерге, босанушыларға және жаңа туған нәрестелерге арналған стационарлық бөлімдер, операциялық блок, реанимация, зертханалар және инженерлік-қызметтік инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етіледі. Жобалық шешімдер санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен заманауи медициналық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ал 500 орындық емхана – тұрғындарға амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық медициналық көмек көрсететін көпсалалы мекеме. Нысан сол жағалау аумағында бой көтереді. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері қарастырылған. Сондай-ақ 50 төсектік күндізгі стационар, дәрілік қамтамасыз ету, орталық стерилизация, кір жуу орны, медициналық қалдықтарды сақтау, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория, 200 орындық конференц-зал және инженерлік-техникалық инфрақұрылым бар.

Бұдан бөлек Қызылорда қаласындағы Титов мөлтек ауданында 10 млрд теңгеге 400 орындық емхананың құрылысы басталады. Жаңа ғимаратта балалар мен ересектерге арналған емдеу-профилактикалық бөлімшелер, күндізгі стационар, функционалдық диагностика, стоматология, әйелдер консультациясы, бейінді мамандар кабинеттері, әкімшілік және клиникалық-диагностикалық зертхана орналасады.



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қарасты Қызылорда облыстық Полиция департаментінде аса жауапты басшылық қызметтерде болған, ҚР ІІМ-нің Құрметті қызметкері, полиция полковнигі, есімі елге белгілі Серікбол Қуатбайұлы былтыр мезгілсіз «келместің кемесіне мініп», өмірден озды. Өзекті өртеген осы қайғы ағайын-туыс, құда-жекжат, асыл жары мен ұрпақтарының, бауырларының, достарының, қызметтестерінің қабырғасын қайыстырып жіберді. Серікболдың қоғамға бергенінен әлі беретіні көп еді. 66 жасында аймақтың ардақты атпал азаматы мезгілсіз келген ажалдың «ырқына» көніп, мәңгілік сапарға аттанып кете барды.

Тұңғышбай Серікбол Қуатбайұлы 1959 жылы бұрынғы Тереңөзек ауданына қарасты Карл-Маркс колхозы, қазіргі Н.Ильясов атындағы ауылда өмірге келіп, өнегелі отбасында тәлім-тәрбие алып, өсіп

ойдағыдай бітірген соң Отан алдындағы азаматтық борышын адал атқарып, елге оралды. Сонан кейін жалындаған жастық шағы мен бүкіл саналы ғұмырын құқық қорғау саласына арнады...

Алғаш еңбек жолын Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасына қарасты бөлімде қатардағы қызметкерден бастады. РФ-дағы Брянск қаласының арнайы орта милиция мектебі мен Қарағанды қаласындағы жоғарғы милиция мектебінде білім алды. Ол Қызылорда облыстық Полиция департаментінде аса жауапты басшылық қызметтерді атқарды. Аса тым қауіпті де қатерлі күндер мен түндерді бастан өткізді... Өлсіздерге араша түсіп, кісінің құқығын қорғау үшін күн-түні тынымсыз күй кешті... Қылмыстық істерді болдырмау, қылмыстың алдын алу, болған қылмысты ізін суытпай жедел ашу үшін аянбай еңбек етіп, тер төкті... Қылмыс әлемінде

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыс әкімінің орынбасарлары мен қала әкімі қала аумағындағы құрылыс нысандарындағы жұмыс барысымен танысты.

Алдымен Президент саябағындағы, сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын көрді. Бүгінде Президент саябағында тоғыз қабатты тұрғын үйлер салынуда. Жоба бойынша 15 тұрғын үй салу көзделген. Бас мердігер «Мелиоратор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 8,2 гектар аумақта 18 млрд. теңгенің жобасын іске асыруда.

Әр тұрғын үйде 63-тен, жалпы 945 пәтер пайдалануға беріледі. Оның 135-і бір бөлмелі, 540-ы екі бөлмелі және 270-і үш бөлмелі болады.

Сол жағалаудағы бес және тоғыз қабатты 10 тұрғын үйдің құрылысы да қарқынды жүргізілуде. «Мелиоратор» серіктестігі қолға алған тұрғын үйлердің жалпы ауданы 32 897,4 шаршы метр, 7 бес қабатты және 3 тоғыз қабатты тұрғын үй салу жоспарланған. Құрылыс жұмыстары аяқталғанда 600 пәтер пайдалануға беріледі.

Аймақ басшысы бастаған топ сол жағалауда бой көтерген 4 тұрғын үйдің құрылыс алаңына да барды. “Тау групп” компаниясының тапсырысымен “Нұрлытау” серіктестігі салған “Тұран” тұрғын үй кешенінде 365 пәтер болады.

Аймақта тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытына басымдық берілгендіктен, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. 2023 жылдан бері барлық ауданда алғаш



рет 1800-ге жуық пәтер тұрғындарға берілді. Өткен жылы 3600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Кезекте тұрған тұрғындарға 2 392 пәтер табыстау үшін

БАСПАНАМЕН ҚАМТУҒА БАСЫМДЫҚ...



57 млрд. 440 млн. теңге жоспарланған.

Ерекше атап өту қажет, былтырдан бері Қызылорда қаласында заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз, он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыс әкімінің орынбасарлары мен қала әкімі қала аумағындағы басқа да құрылыс нысандарын аралады.

Алдымен «Қызылорда Арена»

шаршы метр болатын нысан үш және төрт қабатты блоктардан тұрады. Кешен олимпиадалық стандарттарға сай келетін 50 метрлік бассейнмен, Азия, Әлем чемпионаттары сияқты ауқымды жарыстар өткізуге арналған 2500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдарымен қамтылады. Ғимартта 150 орынға арналған конференциялық зал орналастырылады. Қасбеті алюминий панельмен қапталады. Витраждар өртке төзімді әйнектермен жабылады. Кешен құрылысы екінші жартыжылдықта аяқталады.

Келесі нысан - бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухана.

Бас мердігер «Мелиоратор» серіктестігі 36 млрд. 416 млн. теңгенің жобасын іске асыруда. Нысан 10 блок-тан, атап айтқанда, емхана, пансионат, конференц-зал, тамақтану, физиотерапия, қабылдау, әкімшілік, реанимация, химио және радиотерапия, сондай-ақ, операция бөлімдерінен тұрады. Заманауи талаптарға сай аурухананы биыл пайдалануға беру жоспарланған.

Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған құзыреттілік орталығының құрылысы да назардан тыс қалмады. Жастардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған нысан екі қабатты, сыйымдылығы 215 орын. Мұнда түрлі қоғамдық іс-шараларды өткізуге арналған 100 орындық конференц-зал, 20 орындық СІР залдар, 25 адамдық көрме залы қарастырылған.

ЖАС КЕЗІНЕН ТАЗА ЖОЛДЫ ТАҢДАҒАН...

ержетті. Аяулы ата-ана мен аға-апалардың ыстық ықыласы және алақандарының ыстық шынайы шипасын періште пейілмен шын сезіне білген бала Серікбол көмелет жасқа келгенде көшенің кейбір селтектері мен елпектеріне, келтектері мен тентектеріне еріп кетпей, саналы түрде түзу, тура таза жолды таңдады... Орта мектепті

қылмыскерлермен күресу кезінде ажалмен де, тажалмен де тура бетпе-бет келген кездер көп болды... Бірде қандықол қылмыскердің қаруынан атқан оқтан ауыр жарақат алып, облыстық аурухананың жансақтау бөліміне түсті. Ақ адал азаматқа Алла Тағала да жар болып аман қалды. Қызылорда ОПД бастығының оперативтік жөніндегі бірінші орынбасары болған ол, саналы ғұмырын азаматтардың ар-ожданы мен құқығын қорғауға арнаған қырағы қыран еді. Оның ерен ерліктері баспасөз беттерінде жарық көріп, кітапқа да енді. Көптеген мемлекеттік мадақтар мен марапатқа ие болды.

Серікбол полковник шенінде құрметті демалысқа шықса да, қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқ. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Департамент басшысының кеңесшісі қызметі мен сала Ардагерлері кеңесінің төрағасы болды. Бұл қызметті өмірінің соңына дейін адал атқарды.

66 жас. Жазмыштан озмыш жоқ екен-ау.

Ардақтым, Асыл, Алдаспан, Серікбол інім, Марқасқам. Сен «мінген күні кемеге» Қара бұлт басып қалды аспан.

АРЫСтан Алаш айырылды, Сол күні аспан «қайғырды». Марқасқам мүлде мәңгілік, Жұмыр жерді жай қылды...

Сұм ажал сені қақпайлап, Мезгілсіз алды-ау асылды. Мекенің болып «Ақтайлақ» Жүзінді мәңгі жасырды.



Опасыз жалған дүние-ай, Кемелге келмей күйің-ай. Адыра қалды-ау бәрі де, Қара жер болып «үйің-ай».

Айтпаушы едің ауыр сөз, Айтуды ең жылы бауыр сөз... Шығатын ылғы сыпайы, Аузыңнан тек тәуір сөз...

Түйіні қиын «бүрлі» істі, Тексердің талай қылмысты... Құқығын қорғап кісінің, Тым әділ шештің түрлі істі...

Секілдімін түс көрген, Ыстық маған іс бөлмен. Тұрған анау төрдегі, Таппадым сені үстөлден.

Біледі сені көп қауым, Болсыншы осы жоқтауым. Жанарыма жас толып, Болып тұр қиын тоқтауым.

Серікбол! Алла білер әманда, Әр пенденің алғы ісін.

Қарағым саған қашанда, Өзіңе шексіз алғысым... Ол жақта енді ОҒЛАНЫМ, Тартпағай тамұқ талқысын! Жаның болып жәннатта, Пейіште нұрың шалқысын!!!

Арда туған аяулы да абзал азамат, аяулы әке, асыл жар осылай арамыздан тым ерте кетті. Дегенмен, артына өшпес із бен үлгілі ұрпақ қалдырды. Алла енді соларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр бергей!

Ажалмен де келдің талай бетпе-бет, Тажалмен де келдің талай жекпе-жек... Тыныштығын қорғау үшін халықтың, Сен сытылып шыққаның жоқ шетке тек!

Ер азамат – жасауға ерлік ерікті ол, Ел алдында ерлігімен көрікті ол. Талайларды қанды қолдан қорғаған, Сен батырсың, Сен батылсың, Серікбол!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ
ҚР ІІМ-нің Еңбек және Құрметті ардагері

Кітапхана

ТАҢДАУ ТОПШЫСЫ ТОҚАЕВҚА ТҮСТІ

Қысқаша қайыра айтсақ, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 1953 жылы 17 мамырда Алма-тыда туған. 1975 жылы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын (МГИМО), Қытайдағы Бейжін лингвистикалық институтын, Ресей Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық академиясын бітірген. Ол - халықаралық істер жөніндегі маман, саяси ғылымдар докторы. Орыс,

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

ҚАҢҚАР қақтығысы

ағылшын, ханзу, француз тілдерінде еркін сөй-лейді. Әлбетте, қазір қазақ тілін де жетік меңгер-ген. Дипломатиялық рангі - төтенше және өкілетті елші. Еңбек жолын институтты бітіргеннен кейін КСРО Сыртқы істер министрлігінде бастаған, артынша Кеңес Одағының Сингапурдегі елшілігіне жіберілген. 1979 жылы Сыртқы істер министрлігінің аппаратына қайта оралады. 1984-1985 жылдары министрлікте қызмет атқарған, содан соң Кеңес Одағының Қытайдағы елшілігіне кетіп, 1991 жылға дейін екінші хатшы, бірінші хатшы және кеңесші болып қызмет етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұдан соңғы ман-сабы, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың шақы-руымен өзінің туған елінде жалғасып, 1992 жылы Қазақстан Сыртқы істер министрінің орынбасары болып тағайындалады. 1993 жылы министрдің бірінші орынбасары, 1994 жылы министр болды. 1999 жылғы наурызда Премьер-Министрдің орынбасары, 1999 жылғы қазанда Премьер-Ми-нистр болып бекітілді. 2002 жылғы қаңтарда Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі лауазымына кірісті. 2003-2007 жылдары Сыртқы істер министрі болып қызмет атқарса, 2007 жылғы қаңтарда Парламент Сенатының төрағасы болып сайланды. 2011 жылғы наурызда БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің бас директоры, қарусыздану жөнін-дегі конференцияда БҰҰ Бас хатшысының жеке өкілі болып бекітілді. Ал 2015 жылғы 16 қазанда Парламент Сенатының төрағалығына екінші рет келді. Міне, осы қызметтің құзыреті оны арада 5 жыл 5 ай өткеннен кейін өкілеттігін мерзімінен бұрын аяқтайтын Президенттің орын-тағына апарып отырғызды.

Бір айта кетерлігі, Ресей сарапшыларының басым көпшілігі Тоқаевтың Мемлекет басшысы болып бекітілуіне айтарлықтай оқ көзқарас білдірді. Мысалы, МГИМО-ның ректоры Анатолий Торкунов оқу орнының түлегі Қасым-Жомарт Кемелұлының институтты үздік бітірген өте дарынды адам екеніне көңіл бөлді. Ресей Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Кирилл Барский болса Қасым-Жомарт Тоқаевты 1980 жылдардың аяғында Қытайдағы КСРО елшілігінің бірінші хатшысы болып жүрген кезінде кездестіргенін, оның кеңес-қытай қарым-қатынасын қалықа келтіруге үлкен үлес қосқанын атап өтті. «Қасым-Жомарт Кемелұлының қытай тілін тамаша меңгерген таңғажайып маман және дарынды сарапшы болғанын сол жылдары КСРО Сыртқы істер министрлігінде бірге қызмет атқарғандар да растайды. Бұл қасиеттер оған бір емес, бірнеше рет пайдасын тигізгеніне және оның жауапты қызметінде әлі де пайдалы болатынына сенімдімін», - дейді ол өз сөзінде.

Ресейдің Орталық Азия елдері жөніндегі мама-ны Аркадий Дубнов 2019 жылғы 19 наурызда «Азаттық» тілшісінің Қасым-Жомарт Тоқаевтың қандай тұлға екені жайлы қойған сұрағына: «Ол – Президенттің байырғы серіктерінің бірі. Премьер-Министр болды. Сыртқы істер министрі болды, ал Женевада ел өкілі болып отырды, ақырында, Назарбаев кетуі мүмкін деген әңгіме шыққан кезде,- бұдан алты жыл бұрын, - Президент оңы Астанаға қайтарып, Сенатқа қайта екелді. Сөйтіп Конституцияға сәйкес кімнің мұрагері болуы мүмкін екенін көрсетті. Тоқаев - өте тәжірибелі, Назарбаевқа шын берілген және барынша қатал адам» - деп жауап берді. Бұдан әрі оның ғасырдың басында өздерін «жас қазақтар» деп атап, елдің бағытын күрт өзгертіп жіберуді көздеп жүрген «Қазақстанның демократиялық таңдауымен» текетіреске түсіп, оларды түбінде өз дегеніне көнуге мәжбүр етіп, жеңіске жеткенін баяндады. «Бұл адам - барынша әсерлі саясаткер, бірақ осы кезге дейін өзгенің көлеңкесінде жүріп келді. Дегенмен, бұдан бір жылға жуық уақыт бұрын Назарбаевтың келесі сайлауға қатыспайтынын айтқан да сол еді. Осы мәлімдеменің өзі-ақ талай нәрсені меңзейді» деді сарапшы. Бұдан әрі ол журналистің «Тоқаев Назарбаевтың бағытын қаншалықты қалтқысыз жалғастырады?» деп төтесінен берген сауалына: «Әзірге солай бола бересі деп ойлаймын. Әзірге ешқандай сілкініс болмайды, бір кездердегі Қытайдағы Дэн Сяопин атқарған лауазым тізгінін ұстаған Назарбаев тірі тұрғанда, қазіргі Қазақстанның басшылығы ел бағытын түбегейлі өзгерте алмайды» деген болжаммен жауап қайтарды.

Ресей саясаткерлерінің көпшілігі осылайша Президенті өзгергенімен, Астана саясаты өзгер-мейтініне бек сенімді екендерін жасырмады. Бір жағы олар үшін керегі де осы еді. Сарапшы Аркадий Дубнов осыған орай Назарбаев «билікті ауыстырудың ұғымды сценарийін алдын ала дайындап алды, енді Президент қызметінен кет-кенімен, өкілеттігі өте жоғары Қауіпсіздік кеңе-сінің төрағасы болып қала береді» дегенді суыр-пақтады. Ол бұл ат ауыстырудан әлдеқандай сіл-кініс күтудің орайы келмейтініне назар аударды. «Назарбаев - аса қабілетті, парасатты мемлекет қайраткері, ол өз позициясын, қалбасының пози-циясын сақтай отырып өзі қалыптастырып, өзі

ұйымдастыра алатын, Қауіпсіздік кеңесі төраға-сының конституциялық өкілеттіктері рұқсат ететін әлдеқандай нұсқаулар бере алатын басшылық форматы құрылуын қамтамасыз етуді қалайды. Жалпы, бұл - революция емес, сілкініс емес, бұл - оның өзіне әлдеқалай құрмет алып келуі үшін жасаған саналы қадамы», - деді сарапшы.

РФ кеңесі халықаралық комитетінің тө-рағасы Константин Косачев те «Қазақстанның сыртқы және ішкі саясатында әзірге түбегейлі өзгерістердің болмайтыны анық» екенін сеніммен кесіп айтты. «Қазақстан элитасының біртектілігі

Нұрлан Ермекбаев қана емес, ол - он жыл ҰҚК саласында жұмыс істеп, Бас прокуратураға барған Физат Нұрдаұлетов. Кейін Назарбаев Мәсімов пен Ермекбаевқа генерал шенін беріп, оларды өзіне қарай жақындатып алды. Сондықтан Назарбаев Тоаевтың не істегенін біліп, тіпті ойын ол-оңай оқып отырады» дегенді айтты.

Саясаттанушы Досым Сәтпаев «Қазақстанның көп векторлы саясаты сол күйі қалатынын сөз ете келіп, Қазақстанның АҚШ-пен Ресеймен, Қытаймен қарым-қатынасын бұрынғысынша жалғастыра беретініне тоқталды. Ол бұдан әрі Назарбаевтың Тоқаевты жан-жағынан күштік құрылымдар

I-тарау ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

елдегі бағыттың түбегейлі өзгерістерге түсуіне сенімнің кем екенін білдіретін фактор болып табы-лады», - деп атап өтті ТМД елдері институты Андрей Грозин. Оның бағамынша, елдің саяси билігіне кадрлар іріктеп алуда басты өлшем онда радикалды көзқарастың жоқтығы болған. Қазақ-стан элитасынан бөтен көзқарастағы - мейлі ол либерал, не консерватор, ресейшіл, не қытайшыл болсын, бұл маңызды емес,- мұндай адамдарды тауып алу өте қиын. Оның айтуынша қоғамда өзгерістер жасауға деген сұраныс та барынша төмен. «Қазақстан бағыты, оның ішінде сыртқы саясаты өзгермейді. Ресей оның басты одақтасы күйінше қалады. Қазақстан алда Еуразиялық эконо-микалық одақтан да, ҰҚШҰ-дан да шығу ниетін көздейтін бағыт ұстанбайды», - дейтін үкім шығар-ды Андрей Дубнов. Негізі, мұны ол айна-қатесіз деп басты.

Елде жұмыс істеп көрген пиар-кеңесші Алек-сандр Гнутов Қазақстанның жаңа басшысына «Тоқаев әлемдік истеблишментте елеулі беделге ие, әлемге танымалдығы жағынан Назарбаевтан кейінгі екінші адам; оның интеллектуал тұрғы-сынан да беделі бар; қоғамдық тұлғаға қажетті барлық қасиеттерге ие: өмірбаянында жан-жақтар мен қара дақтар мүлде аз; әртүрлі топтардың барлығынан бірдей алыс тұрған және Назарбаевты үнемі қолдайтын саясаткер ретінде танылған» деген мінездеме берді. Оның аңғаруынша Тоқаев-тың Ұлы жүздің (Қазақстандағы ең ықпалды тай-палар бірлестігі) өкілі болуының маңызы зор, ол әсіресе, транзит кезінде Назарбаев саясатын ілгері жүргізуші есебінде өзінің жеке амбицияларынан саналы түрде бас тартады.

«Әйткенмен бұл ұзақ жылдарғы келешекте елдің жаңа көшбасшысы тап Тоқаев болады деген сөз емес, - деп осы ойды сырттай жалғайды Гро-зин. - Мәселе ол алдағы президент сайлауында кандидат бола ма, ізбасар орынтағы үшін ашық күреске қатыса ма, жоқ па, - мұның әлі басы ашық жұмбақ болып тұрғанында». «Мен өзара күресуші кландардың ашық айқасқа шығуларына салиқалы негіз көре алмай тұрмын. Өзбекстанда билік ауысқаннан бері өткен уақыт ішінде Қазақстанда биліктің қалыпты ауысуын қамтамасыз етуі тиіс құрылымдардың алда ешқандай толқулар бол-мауы үшін қолдан келгенін бәрін жасағанына сенімдімін», - деді келесі сәтте Дубнов.

Ал қазақстандық саясаткерлер мен саясаттану-шылардың арасында билік тізгінін Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұстағанына көңілдері толмайтындар аз болған жоқ. Өзінің «Менің өмірім. Бодандықтан бостандыққа» деген соңғы кітабында Нұрсұлтан Назарбаев та осының жайына біршама тоқталып өтеді. Оның жазуынша, кейбіреулер Тоқаевтың президент жүгін көтеріп алып кете алатынына қаралай күмән келтіріпті. Ол осыған байланысты 2022 жылдың қаңтар айында орын алған нара-зылықты сол қарсы болғандар мен кешігіп «оян-ғандардың» билік үшін күреске шығуы деп түсін-діреді. «Менің мұрагер таңдау жөніндегі шеші-міме көңілдері толмағандардың кейбірі (жасырын, әрине) президент орынтағын арман еткендер еді. Басында олар өздерінің менімен келіспейтіндерін ашық білдіруге баппады», - деп атап өтті Назарбаев. «Олар халықтың соңыра президент сайлауында жасаған таңдауымен де келісе алмады», - дегенді қосты бұған бұрынғы Президент.

Сарапшылардың пайымынша, Парламентте сөйлеген сөзін «Алдымда тұрған миссиямың бүкіл жауапкершілігің ауқымын толық сезіне келіп, өзімнің білілім мен тәжірибемді Елбасының стратегиялық бағытының сабақтастығы жалғасуын жан-жақты қамтамасыз етуге жұмсауды жоспарлап отырмын» деп аяқтаған Қасым-Жомарт Тоқаевтың президент ретіндегі атқаратын қызметінің шама-шарқы осы бастан айқындалды, ол, өзі айтқандай, алдағы уақытта да «Назарбаевтың ең сенімді нөкері болып қала береді». Сондықтан Адам құқықтары жөніндегі бюроның қазақстандық өкілі, журналист Сергей Дувановтың Facebook-тегі парақшасында жазуынша, «билік ауысты ғой, енді өзгеріс болады» деп қуануға әлі ерте. Ол өзінің бұл уәжін: «Екінші президент - алғашқы президенттің шекпенінен шыққан, оның бар тәлімі мен тәрбиесін көрген адам. Демек, ол Елбасының айтқанымен жүреді» деп түсіндірді. Ал Адам құқықтары жөніндегі бюроның еліміздегі филиалының директоры Евгений Жовтис жаңа президент те Назарбаев сияқты істі алдымен өзін жарнамалаудан бастайтынын ағашы басқан қадамынан-ақ көрсетіп алды деп есептейді. «Ол құрылымдық күштер басшыларының қоршауында отыр. Назарбаев Тоқаевтың айналасына ұлттық қауіпсіздік комитетінің адамдарын қойды. Ол – ҰҚК төрағасы Көрім Мәсімов пен Қорғаныс министрі

арқылы қалың қоршауға алып, оған әбден шегенделіп тасталған бұғаулы билікті қалдырып бара жатқанын әңгімеледі. Сол себепті Президент өз билеушісі Назарбаевтың қарамағынан еш сытылып шыға алмайды, бұрынғысынша оның қарауы мен бақылауында болады. Қоғам қайрат-кері Евгений Жовтис сондай-ақ, биліктің екі тармағы - Президент пен Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы арасында аса бір талас-тартыс көрініс бермейтініне болжам жасап, ондай сценарийдің орын алуы мүмкін емес екенін мәлімдеді, себебі -Тоқаев Назарбаевқа әлі де адал. Ал «Ар. Рух. Хак» қоғамдық құқық қорғау ұйымының басшысы Бақытжан Төрегожина биліктен Назарбаев кеткеннен кейін елде елеулі демократиялық өзгерістер орын алатын шығар деп үміттенгенін жасырмады. Бірақ Тоқаевтың ант берген рәсімінде сөйлеген сөзінен кейін «бұл үміттің оты бірден өшкен» екен. «Мен сол кезде ғана одан ешқандай да демократиялық өзгеріс күтуге болмайтынын ұқтым» - деді ол.

Көптеген сарапшылар сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевты өтпелі кезең үшін дайындалған уақытша президент деген пікірге тоқтағандай сыңай танытты. Ал сасаттанушы Марат Шибұтов «Азаттық» тілшісі қойған «Тоқаев өтпелі тұлға ма, әлде ұзақ мерзімді мұрагер ме?» деген сұраққа «Мен әзірге бұл жайында ашып айту қиын деп есептеймін, ол кезектен тыс президент сайлауы жақындаған шамада айқындала түседі» деген екіұшты ой білдірді «Россия в глобальной политике» журналының бас редакторы Федор Лукьянов болса, постнекестітегі көпшілікті толғандырып отырған бұл мәселенің дәл қазір пәлендей принципті маңызы жоқ деген тоқтамға түйін тастады.

Сірә, осындай қаңқу әңгімелер мен қауесеттердің көбейіп кеткендігі намысын жанып, жанына қатты батса керек, Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылдың сәуір айындағы мерзімді уақытына дейін әлі бір жыл мұрасаты бар екеніне қарамастан, өзі уақытша болса да, толық дәрежесінде Президент орынтағына отырғанына тура 20 күн толғанда, 9 сәуір күні кезектен тыс президент сайлауын өткізу жөніндегі Жарлығын жариялап жіберді. Әйтпесе, Назарбаевтың ақырына дейін жеткізілмей қалған президенттік мерзімі тек 2020 жылдың сәуірінде ғана мәреге жететін еді, ал одан кейінгі сайлау сол жылдың желтоқсан айында өтуге тиіс болатын. Демек, оған осылай жақын арада, алау-топырын шығарып, жедел сайлау өткізуге тура келгені, төтеннен тап берген қатердің төнгені анық.

Бәлкім, келесі жылға дейін дүниенің тағы біраз аударылып-төңкерілуіді бастан кешеті-нінен ең бастысы, экс-президенттің өзіне деген көзқарасының өзгеріп сала беруінен, сосын президенттіктен шындап үміткер өзінен басқа үш кандидаттың күш алып кетулері ықтималды-лығынан қауіптенген де шығар, кім білсін, бірақ оның көпшілік күтпеген сайлауды күн төртібіне шығаруы мүлде бекер емес-тіс. Қолында аса қуатты күші бар, оның үстіне, биліктің «Нұр Отан» партиясының тізгінін ұстап отырған Нұрсұлтан Назарбаевтың алдағы жылға дейін қандай көңіл қй ауанында болатыны да бұл кездері беймәлім-тің. Ал осы тұста саяси сарапшылар президенттікке ең сарабалд үміткерлер қатарында Қасым-Жомарт Тоқаевтан басқа, Елбасының үлкен қызы, Сенат спикері Дариға Назарбаеваның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшысы Көрім Мәсімовтің, Қайрат Сатыбалдының туған інісі, қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары Самат Әбіштің есімдерін атады.

Алайда Тоқаевтың президент сайлауын өткізу секілді аса маңызды шұғыл шешімге өзінің жеке бастамасымен келе алмайтыны тағы аян. Мұны оның өзі де жасырған жоқ. Осы ұйғарымға орай Қазақстан халқына арнаған үндеуінде Мемлекет башысы Конституцияға сүйене отырып, 2019 жылдың 9 маусымы күні кезектен тыс президент сайлауын өткізуге бел байлағанын баяндай келіп, мәтінінің басында «бұл жауапты шешімге қатысты Елбасымен ақылдасып алғанын» айтып өтті. Сосын Парламенттің қос палатасының спи-керлерімен, Премьер-Министрмен кеңескенін, Конституциялық кеңестің келісіміне иек артқанын Парламенттегі партия жетекшілерімен кездескенін айтты. Ендеше, оның шын мәніндегі Президент атануы мәселесі осы шешім шығарылғанға дейін-ақ түпкілікті шешіліп қойған болуға тиіс.

Бір қызығы Қасым-Жомарт Тоқаев үндеуде өзінің сайлауға қатысатынын, не қатыспайтынын айта қойған жоқ, бәрі тек түспалмен білдірілді. Соған қарамастан оның науқанның басты кейіпкері болатыны ешқандай күдік тудырмады. Ал сол сейсенбі күні таңертең Дариға Назарбаеваның көмекшісі Сәуле Мұстафаева өз басшысының сайлауға түспейтінін хабарлап та үлгерді. Осыдан кейін-ақ саясат аспанындағы ахуал айтарлықтай

айқындала түскендей болды. Мұның бөрінің түйіні 23 сәуірде өткізілген «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XIX съезінде шешілді.

Съезде билік партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев іс басындағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын алда өткізілгелі тұрған Мемлекет басшысын сайлайтын кезектен тыс сайлауға ұсынды. Елбасы сөзінде өзі ұсынып отырған үміткердің Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы шағынан ең жауапты жерлерде жұмыс істеп келе жатқанын айтты. «Ол менімен бірге Қазақстанның сыртқы саясатын құруды бастағандардың бірі болды. Ол - сонымен

бірге өте тәжірибелі мемлекеттік саясаткер. Ол ең қиын уақыттарда Қазақстан Үкіметін басқарды және 1998 жылы Азиядағы дағдарыс кезінде экономиканы қалпына келтіруге қатысты», - деді экс-президент. Сенат төрағасы ретінде ол елімізде парламентаризм дамуына орасан зор үлес қосты. Ұзақ жылдар бойы менің сенімді серігім болды, менің барлық бастамаларым мен инициативаларымды қолдады. Мен оған толық сенемін және елді басқаруға лайықты азамат деп санаймын. Ол менен бір мүшел кіші және қазіргі заманғы мемлекеттік саясаткер болып саналады. Мен сіздердің барлығыңызды партия атынан түсетін біздің үміткерімізді қолдап, оған дауыс беруге шақырамын», - деді экс-президент соңынан.

Елімізде бұған дейін бес рет - 1991, 1999, 2005, 2011 және 2015 жылдары президент сайлауы өткен. Бірақ бұлардың 1991 жылы 1 желтоқсанда және 2005 жылы 4 желтоқсанда тіркелген екеуі ғана кезекті мәрте деген санаттан орын алды. Ал 1999 жылы 10 қаңтарда, 2011 жылы 2 ақпанда және 2015 жылы 16 сәуірде көрініс берген үшеуі кезектен тыс деген жамылғымен тарих қойнауына енді. Мұның арасында 1995 жылғы 29 сәуірде Назарбаевтың өкілетін 2000 жылдың желтоқсанына дейін ұзар-туды тіпті референдум арқылы шеше салдық. Сондықтан ол сайлауға жатықсызылмады. Қалған сайлауларда, әлбетте, іс басындағы Президент айқын басымдықпен жеңіске жетіп отырды. Бірақ ол кезде жалау желбіреткен сайлаулардағы техно-логияларды өте жақсы білетін болғандықтан, бұлардың әрбірінде Нұрсұлтан Назарбаевтың қанша пайыздан дауыс алып тұрғанын сөз етуді жөн көрмедік. Бұған тек Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы осы кезге дейін Қа-зақстанда өткен президенттік сайлаулардың бірде-бірінің нәтижесін мойындамағанын қоса кетейік.

Ал 2019 жылы 9 маусымда өткен президент сайлауының алдыңғылардың бәрінен елеулі айырмашылығы болды. Біріншіден Назарбаев тұңғыш мәрте сайлауға қатысқан жоқ. Екіншіден бұл жолы нағыз оппозиция өкілі алғаш рет өзінің бағын сынап көрді. Үшіншіден сол оппозиция өкілі көптеген аймақтар бойынша өте жақсы дауыс жинады. Төртіншіден сайлау өткен жексенбі күні де, оның нәтижелері жарияланған дүйсенбіде де Алматы мен Нұр-Сұлтанда бұған дейін болып көрмеген көлемде қарсылық акциялары орын алды. Егер біздегі президент сайлауларының бағыдан әкімдердің жарысына айналып келе жатқанын еске алсақ, оппозиционер Әміржан Қосановтың негізгі үміткер - Қасым-Жомарт Тоқаевқа іс жүзінде қаншалықты дәрежеде қауіпті қарсылас бола алғанын байқау оншалықты қиын емес. Ал былайынша, Орталық сайлау комиссиясы Тоқаевтың -70,96, Қосановтың 16,23 пайыз дауысқа ие болғандарын айғақты еткен еді. Бір айта кетерлігі, алдыңғы сайлауларда Назарбаевтың оппоненттері 12 пайыздан жоғары дауыс алып көрмеген-тің.

Сөйтіп, «Нұр Отан» партиясының өз кандидатурасын ұсыған форумында сөйлеген сөзінде «Мен сайлауға Тұңғыш Президенттің стратегиялық бағытын жалғастыру, елімізді жан-жақты дамыту үшін барамын. Мен өз міндетімді өз лидеріміздің саясаты сабақтастығын қамтамасыз етуден көріп тұрмын» деген Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауда жеңіп шыққаннан кейін мақсатына жетудің жолына батыл кірісіп кетті. Бірақ, өкінішке қарай, «Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» деген үш бөлімнен тұратын бағдарлама бойынша 170-тен аса іргелі істі мойнына аманат етіп жүктеп алған Президент кейін сол үзделерінің басым бөлігін орындап алған жоқ. Мәселен, апатты жағдайда тұрған және үш ауысымдағы мектептердің бөрінің мәселесі 2022 жылға дейін оңынан шешілмеді. Еліміздің барлық өңірлеріндегі студенттер жатақханалары санын үш есеге дейін көбейту аяқсыз қалды. Түрлі салалардағы отандық тауар өндірісін ынталандыра түсу арқылы қарапайым заттар экономикасын дамыту сөз жүзінен аспады. Атап айтқанда, «Қарапайым заттар экономикасына» бөлінген жеңілдетілген несиенің 25 пайызы басқа мақсаттар мүддесіне арналып кеткен. Сол сияқты 2021 жылға қарай «көлеңкелі экономика» деңгейін 15-17 пайызға дейін төмендету межесіне қол жетпеді.

Мұның есесіне, елде күнделікті қолданылатын тұтыным заттарының жыл санап қымбаттауы жалғаса берді. Соның ішінде азық-түлік өнімдері мен сусындар импорты 40, жеңіл өнеркәсіп бұйымдары 90, үй жиһаздары 65 пайызға дейін өскен. Кейінгі үш жылда халық табысының өсу қарқыны 2019 жылғы 6,4 пайыздан 2021 жылы 2,9 пайызға дейін баяулаған. Бұған қоса елде үй сатып алу, жалдау құндары қатты шарықтаған. Жұрттың басым бөлігі кредит саясатының зардаптарын тартып жатыр. Осының бөрі қара халықтың билікке деген іштей наразылығын біртіндеп күшейте түсіп, оны күндердің бір күнінде бүрқ ете қалатын жасырын жанартауға айналдырып келе жатты.

Бұл уақытта қасіретті Қаңтар оқиғасының дүр ете түсуіне артық-кемі жоқ 2 жыл, 6 ай, 4 күн мәулет қалған еді. Шыдамның шегі шетінер шақ, төзімнің тегі түгесілер тұс тіртінектеп тақай түсті.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫНАН ИПОТЕКАНЫ ТӨЛЕУГЕ БОЛАДЫ МА?

Отбасы Банкі 31 қаңтардан 2 наурызға дейін зейнетақы жинақтарының есебінен ипотеканы өтеуге өтінімдерді қабылдауды уақытша тоқтатты. 31 қаңтардан бастап зейнетақы қорынан аударылған ақшаға ипотеканың негізгі қарызын ғана жабуға болады. Ал проценттер мен айыппұлдар қарыз алушының өз қаражаты есебінен төленеді. Осыған байланысты ипотекалық қарызды төлеу тәртібі өзгереді және екі кезеңнен тұрады. Атап айтқанда алдымен несие бойынша сыйақы және басқа да ілеспе төлемдер қарыз алушының өз қаражаты есебінен төленеді, содан кейін негізгі қарыз зейнетақы жинақтарының артығы есебінен өтеледі.

Осылайша, проценттер ағымдағы есепшоттан, ал негізгі қарыз арнайы шоттан алынады. Сондықтан ақшаны алдын ала салып қойған жөн.

Қазіргі кезде мобильді қосымшаны және otbasybank.kz сайтындағы жеке кабинетті жаңа талаптарға бейімдеу шаралары басталды. Сол себепті Отбасы банкі біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен қарызды ішінара немесе толық өтеуге арналған өтінімдерді қабылдауды уақытша тоқтатуға мәжбүр.

otprf-otbasy.kz платформасында 31 қаңтардан бастап 2026 жылдың 2 наурызына дейін өтінімдерді қабылдау да тоқтатылады. Ал 30 қаңтар күнін қоса алғандағы уақытта берілген өтінімдер бұрынғы ережелерге сәйкес жұмыс тәртібінде қаралады.

Ипотекалық қарыздың ай сайынғы төлемі бірнеше бөліктен тұрады:

негізгі қарыз – бұл банктің тұрғын үй сатып алу үшін клиентке берген қаражаты; банктің сыйақысы – тұрғын үй сатып алуға берілген қаражатты пайдаланғаны үшін есептелетін пайыздар;

мүмкін болатын мерзімі өткен берешек пен өсімпұлдар (төлем уақытында жасалмаған жағдайда есептеледі);

кейінге қалдырылған төлемдер (егер қарыз қайта құрылымдалған болса).

РАМАЗАН АЙЫ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

Биылғы жылдың 19 ақпанында барша мұсылмандар үшін он екі айдың сұлтаны - қасиетті Рамазан айы басталады. Шариғат бойынша балиғат жасына келген, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға ораза ұстау – парыз. Рамазан айы 19 наурызға дейін жалғасады.

16 наурыздан 17 наурызға қараған түн Қадір түні;

20 наурызда Ораза айт мерекесі.

Ораза айтта демалыс берілмейді.

Өйткені биыл бұл діни мереке жұмаға келіп тұр.

ФОНОГРАММА АЙЫППҰЛЫ ҚАНША?

Мәжіліс фонограмманы пайдаланғаны үшін салынатын айыппұлдың көлемін анықтады. Бұған дейінгі заң бойынша концертте фонограмма пайдаланылатыны жайлы көрерменді ескерту керек еді. Ал жаңа заңға сәйкес ақпанның 4-нен бастап 200 адамнан артық жиналған жерде фонограмманы пайдалануға толығымен тыйым салынады.

Қазіргі таңда мәжіліс депутаттары фонограммаға тыйым салу мақсатында Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне жаңа норманы кіргізіп отыр. Онда 1 000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу қарастырылған.

Фонограммаға тыйым салу мәселесіне жергілікті атқарушы органдар жауапты болады.

Заң талаптарына сәйкес, концерт өткізуге арнайы бейімделмеген жерде фонограмма пайдалануға рұқсат беріледі. Ал техникалық тұрғыда толығымен жабдықталған залда фонограммамен ән айтуға тыйым салынады.

Фонограмма пайдаланғаны үшін айыппұлдың көлемі 4 млн. теңгеге дейін артып отыр.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЕСЕБІНЕН ЕМДЕЛУГЕ БОЛАДЫ МА?

Отбасы банк БЗЖ есебінен медициналық қызметтерді алуға қойылатын талаптарды қайта қарауда.

Сол үшін де Отбасы банк зейнетақы есебінен емделуге өтінімдер қабылдауды тоқтатты. 2026 жылғы 12 қаңтар сағат 19.00-ден бастап otprf-otbasy.kz платформасында БЗЖ есебінен емделуге өтінімдер қабылдау тоқтатылған.

Отбасы банкі Денсаулық сақтау министрлігімен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, БЗЖ есебінен медициналық қызметтерді алуға қойылатын талаптарды қайта қарайды және зейнетақы артықшылықтарын мақсатсыз пайдалануды болдырмау үшін ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру тетіктерін пысықтайды.

ӘСКЕРГЕ КҮШТЕП ӘКЕТУ ЗАҢДЫ МА?

Кейінгі күндері қоғамдық орын-дарда азаматтарды полиция күштеп әкетіп жатыр деген жазбалар әлеуметтік желіде жиі таралып жа-тыр. Көшеде, сауда және ойын-сауық орталықтарында жігіттердің ұсталып, белгісіз бағытқа жеткізілген сәттері қоғамда қызу талқыға түсті. Алай-да бұл әрекеттердің заңды негізі бар екені белгілі болды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әскери есепте тұрған және алды-мен бірнеше рет СМС-хабарлама арқылы әскерге шақырту жолда-нады. Қайта-қайта шақыртуға кел-меген азаматтар "іздеуде жүрген шақырылушы" санатына енгізіледі. Мұндай жағдайда ішкі істер ор-гандары мен әкімдік инспекторла-ры оларды ұстап, әскерге шақыру пунктіне жеткізуге құқылы.

2026 ЖЫЛЫ МӘМС-ке КІМ ҚАНША ТӨЛЕЙДІ?

2026 жылғы қаңтардан бастап «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңға өзгерістер күшіне енді. Соған сәйкес, жарналар мен аударымдар есептелетін шекті табыс мөлшері өзгерді. Ал мөлшерле-мелер бұрынғыдай сақталды.

Жұмыс берушілердің аударымдары – қызметкер табысының 3%-ы.

Ең жоғары табыс – 40 ЕТЖ (2026 жылы ол 3 400 000 теңгені құрайды)

Аударымның ең жоғары мөлшері – айына 102 000 теңгеге дейін.

Қызметкерлердің және азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғалардың жарналары – табыстың 2%-ы.

Ең жоғары табыс – 20 ЕТЖ немесе 1 700 000 теңге.

Ең жоғары жарна – айына 34 000 теңгеге дейін.

ӘСКЕРИ КАФЕДРАҒА ӨТІНІШТІ ОНЛАЙН ТАПСЫРУҒА БОЛАДЫ МА?

Биылғы жылдың ақпан айынан бастап студенттер әскери кафедраға оқуға түсуге өтінішті eGov.kz порталы арқылы толығымен онлайн форматта бере алады.

Әскери кафедраға күндізгі бөлімде оқитын бакалавриат студенттері 1 ақпан мен 30 қыркүйек аралығында өтініш тапсыра алады.

Электронды жүйе алдымен үміткер туралы психоневрология-лық, наркологиялық және туберкулез диспансерлері бойынша, сондай-ақ мүгедектігінің және соттылығының бар-жоғына қатысты мәліметтерді автоматты түрде тексереді. Жеке басын куәландыратын деректер мен білім туралы мәліметтер де мемлекеттік ақпараттық базалардан алынады. Өтінішті қарау мерзімі - бес жұмыс күні.

Қызметті пайдалану үшін eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Басты бет» – «Азаматтарға» – «Әскери есеп және қауіпсіздік» – «Әскери қызмет» бөлімдеріне өтіп, «Жоғары және жоғары оқу

МЕКТЕП пен БАЛАБАҚШАДА ТЕКСЕРІСКЕ РҰҚСАТ БАР МА?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 4 жел-тоқсанда қол қойған Мәдениет, білім, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері жөніндегі заң бойынша білім беру мекеме-лерінде тексеріс жүреді.

Енді мектептер мен балабақшаларда жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі. Жоспарлы тексеріс білім беру ұйымын жоғары, орташа немесе төмен тәуекел дәрежесіне жатқызу нәтижелері бойынша тағайындалады.

Бірақ жоспардан тыс тексеру мемлекеттік бақылау субъектісіне хабарланбастан жүр-гізіледі.

Жоспардан тыс тексеруге: мемлекеттік бақылау нәтижесінде анық-талған заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; заңнама талаптарын бұзудың нақты фак-

тілері бойынша прокурордың талаптары; заң бұзушылықтың нақты фактілері бойынша;

мемлекеттік органдардың өтініштері; заң бұзушылықтың нақты фактілері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар мен хабарламалар болған кезде;

қылмыстық қудалау органының тапсыр-масы негіз болады.

Заңда тағы да бірқатар мәселелер бар. Мәселен: мүгедек балалардың ата-аналары және науқас туыстарына қам-қорлық жасайтындар жоғарғы оқу орнынан кейін грант бойынша жұмыс істеуден босатылады;

ірі халықаралық ғылыми байқаулардың жеңімпаздарына ақшалай көтерме беріледі; мемлекеттік балабақшаларға арналған учаскелер жеке меншікке берілмейді.

НИПАХ ВИРУСЫНЫҢ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы бұл вирус өте жұқпалы емес, адамнан адамға жұғу қаупі жоғары емес дейді.

Сондықтан да Үнді елінен анықталған Нипах виру-сына бола елдер арасындағы қарым-қатынасты, сауда-ны тоқтатудың қажеті жоқ дейді.

Қаңтар айында Батыс Бенгалия штатында жеке ауруханалардың бірінде екі медицина қызметкері осы Нипахпен тіркелген. Үнді елі билігі олармен қарым-қатынаста болған 200 адамды тексергенімен олар-да вирус белгісі болмаған. Содан да мамандар ви-рус адамнан адамға жұғу қаупі қатерлі емес деген қорытындыға келген.

Нипах вирусы – сирек кездесетін өте қауіпті ин-фекция екен. Негізгі малдан адамға жұғады. Кей жағдайларда адамнан адамға да жұғуы мүмкін. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша вакцинасы, арнайы емдеу жолы жоқ. Кейбір кездері осы вирустан болатын өлім деңгейі 40-75% аралығы болған.

Индия елінен вирус хабары тарағаннан кейін Қазақстан шекарада бақылауды күшейткен. Алайда өзiрге вируспен ауырғандар туралы мәлімет жоқ.

Демек шақыртуға келмеген аза-маттарды күштеп жеткізу — Қарулы күштердің емес, полиция мен жергілікті атқарушы органдардың құзырындағы шара.

Ресми дерек бойынша былтыр Қазақстан бойынша 40 мыңнан астам азамат әскер қатарына шақырылған. Бір ғана Астана қаласында әскерге барудан жалтарып жүрген 500-ге жуық азамат рейд барысында ұсталған.

Заң бойынша медициналық тексе-руден өтуден жалтарған азаматтарға 5 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады. Ал әскерге бару-дан мүлде бас тартқандарға 1000-нан 3000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл немесе 1 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жаза-сы қарастырылған.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ТҮЛҒАЛАР-ДЫҢ ЖАРНАЛАРЫ – АЙЫНА 5 950 ТЕҢГЕ (1,4 ЕТЖ 5%).

Дербес төлеушілердің жарналары – айына 4 250 теңге (ЕТЖ 5%).

Жеке кәсіпкерлер мен дербес төлеу-шілердің жарналарын есептеу үшін ең төменгі жалақы қолданылады. 2026 жылы оның мөлшері – 85 000 теңге.

МӘМС жарналарын төлеу жолдары:
• «Қазпошта» АҚ кассаларында
• екінші деңгейлі банктердің касса-лары мен мобильді қосымшаларында
• төлем терминалдары арқылы

МӘМС – күтпеген медициналық шығыннан қорғайды. Ертеңіңізге сенімді болыңыз!
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ НЕСИЕСІН ҚАЛАЙ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРАДЫ?

Мерзімді әскери қызметке шақырылған 21,9 мың қарыз алушының ішінен 19,2 мыңы қарыздар бойынша кейінге қалдыру мүмкіндігін алды. 2024 жылдан бастап Қазақстан Қарулы Күштерінде мерзімді әскери қыз-мет өткеретін азаматтар микрокредиттер мен банктік қарыздар бойынша өз міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыру құқығына ие болды.

Қиғдаларға сәйкес барлық қызмет ету мерзіміне және демобили-зациядан кейін 60 күн ішінде пайыздар, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептелмей төлемдер бойынша кейінге қалдыру беріледі.

Кейінге қалдыру өтінісіз беріледі: әскерге шақыру туралы деректерді Қорғаныс министрлігі кредиттік бюроға, содан кейін банктер мен микро-қаржы ұйымдарына жібереді. Банктер мен микроқаржы ұйымдары хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде кейінге қалдыру мүмкіндігін ұсынуға міндетті.

Хабарлау жазбаша және/немесе онлайн режимінде жеке қатысу немесе қосымша келісімдерге қол қою қажеттілігісіз жүзеге асырылады. Шара негізгі борышқа және есептелетін сыйақыға қолданылады.

Сондай-ақ кейінге қалдыру кезеңінде айыппұлдар, өсімпұлдар есептеуге және өндіріп алу шараларын қолдануға тыйым салынады. Әскери бөлімнің тізімінен мерзімінен бұрын шығарылған жағдайда, кейінге қалдыру тағы 60 күнге сақталады.

Қарыз алушы кейінге қалдырудан бас тартуды қаласа, жазбаша өтінішті банк хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде жіберуге құқылы, мұндай жағдайда кредитор кейінге қалдыруды қолданудың күшін жояды.

Егер кредит бойынша сот шешімі шығарылса, татуласу келісімі жасалса немесе атқарушылық жазба рәсімделсе, кейінге қалдыру берілмейді. Кейінге қалдыруды автоматты түрде алмаған жағдайда әскери қызметші қаржы ұйымына жазбаша өтініш жібере алады, мәселе реттелмеген жағдайда банк/микроқаржы омбудсманына және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүгіне алады.

САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚАЛАЙ ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ?

Биыл 1 наурызға дейін жеңіл-детілген декларация режимінде қалғысы келетін жеке кәсіпкерлер салық органына міндетті түрде хабарлама тапсыруы керек. Ол хабарлама берілмесе, кәсіпкерлер автоматты түрде жалпыға бірдей салық салу режиміне ауыстырылады. Ал патентпен немесе арнайы мобильді қосымша арқылы жұмыс істеген кәсіпкерлер өзін-өзі жұмыспен қамтығандар режиміне өте алады. Бұл режимде жеке кәсіпкер ретінде тіркелудің қажеті жоқ.

Бұрын бөлшек салық немесе жеңілдетілген декларация

қолданған кәсіпкерлер жеңілдетілген режимде жұмысын жалғастыра алады, бірақ жаңа талаптар бар. Мәселен жылдық табыс шегі 600 000 АЕК (шамамен 2 млрд 595 млн теңге);

салық мөлшерлемесі – 4% (әкімдіктерде оны 2%-ға дейін төмендетуге немесе 6%-ға дейін көтеруге құкіреті бар);

Жеңілдетілген режимде жұмысын жалғастыру үшін 28 ақпанға дейін режимді қолдану туралы хабарлама беру қажет.

Ал шаруа және фермер қожа-лықтары жеке арнайы салық ре-жиміне автоматты түрде ауысады.

КОРЕЯДАН АЙЫППҰЛСЫЗ КЕТУГЕ БОЛАДЫ МА?

Оңтүстік Кореяда заңсыз жұмыс істеп жүрген қазақстандықтар ақпан айының соңына дейін өз еркімен елге қайта алады. Ондай адамдарға айыппұл да, қайта кіруге тыйым да салынбайды.

Бағдарламаға қатысу үшін төлқұжат, өз еркімен кету туралы өтініш және әуе билеті қажет. Алдын ала хабарлама Корея Республикасының иммиграция кеңселері арқылы үшу күніне дейін 15-тен 3 күнге дейінгі мерзімде беріледі. Бірақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, мәжбүрлеп шығару шарасына жататын, сондай-ақ 2025 жылғы 1 желтоқсаннан кейін заңсыз мәртебеге түскен шетелдіктер ерікті түрде елден шығу бағдарламасына қатыса алмайды.

Комиссия күнделігінен

БҰРЫНҒЫ МЕН ЖАҒАНЫҢ АЙЫРМАСЫ

Биылғы жылдың 31 қаңтарында Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстанның жаңа Ата Заңының жобасын қоғам талқысы үшін жариялады. Қоғамдық пікір екіге жарылды. Әдеттегідей көпшілік жаңа жобаға қолдау білдіріп жатқанымен, жаңа жобаның кей тұстарына келіспеушілік білдіретіндер де баршылық. Осы ретте жаңа жобаның кей тұстарын оның бұрынғы нұсқасымен салыстыра отырып оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік. (Кесте Информбюрода жарияланған).

ҚАЗІРГІ КОНСТИТУЦИЯ	Конституцияның жаңа жобасы
Мемлекет қызметінің қағидаттары мен стратегиялық бағыты айқындалмаған.	Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау. Мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты: адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамыту.
Халық мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде белгіленген.	Халық мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде белгіленген.
Жоқ	Жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі белгіленуі мүмкін екені жазылған.
Жоқ	Діннің мемлекеттен бөлек екені айқындалды. Діни ұйымдардың қызметі мемлекет заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.
Қазақстан қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартатыны жазылған.	Бұл норма алынып тасталды.
Мемлекеттік рәміз атауы Гимн деп берілген. Қазақстандықтарға заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетілетіні жазылған.	Рәміз атауы қазақшаланып, Өнұран деп жазылды. Бұл норма алынып тасталды.
Жоқ	Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негізі мен құқықтары түсіндірілетіні жазылған.
Жоқ	Зияткерлік меншік заңмен қорғалатыны жазылды.
Жоқ	Сөз еркіндігі және ақпарат тарату басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс екені жазылды.
Жоқ	Неке – еркек пен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы екені айқындалған.
Жоқ	Білім беру ұйымдарында (діни білім беру ұйымдарын қоспағанда) білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие екені айқындалды.
Жоқ	Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға қатысты кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған азаматтардың сайлануға құқығы жоқ екені айқындалды.
Президенттің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі.	Президенттің кезекті сайлауы оның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.
Жоқ	ҚР президентін ҚР көмелетке толған азаматтары конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайланатыны туралы ереже өзгермейтіні нақтыланды.
Жоқ	Вице-президент туралы жеке бап енізілді. Оны Құрылтайдың келісімімен президент тағайындайды. Ол депутат болып сайланбайды, саяси партияға кірмейді және өзге ақы төленетін лауазымды атқармайды. Вице-президент президенттің тапсырмасымен халықаралық аренада Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді, Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде президент атынан өкілдік етеді, президенттің тапсырмасымен Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағарту ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды, президент айқындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
Жоқ	Президент Конституциялық сотқа өтініш беру арқылы өз еркімен орнынан түсуге құқылы екені айқындалды.
Президент қызметінен мерзімінен бұрын босаған жағдайда оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төрағасына көшеді.	Президент қызметінен мерзімінен бұрын босаған жағдайда оның өкілеттігі вице-президентке көшеді. Құрылтай 7 күн ішінде сайлау өткізу туралы жариялап, одан кейінгі 2 ай ішінде президент сайлауы өткізіледі.
Заң шығарушы орган – Парламент, ол Сенат пен Мәжілістен тұрады.	Заң шығарушы орган – Құрылтай. Ол 145 депутаттан тұрады.
Парламентке жасы 30-дан асқан адамдар депутат бола алады.	Құрылтайға жасы 25-тен асқан адамдар депутат бола алады.
Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша республика президенті тағайындайды.	Президенттік квота және Қазақстан халқы Ассамблеясы квотасы алынып тасталды.
Парламенттің құзыреті 8 тармақтан ғана тұрады.	Құрылтайдың құзыреті кеңейтіліп, 21 тармаққа дейін көбейді. Жаңа құзыреттер қатарында президентінің сайлауын жариялау, жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтеру, президентке вице-президентті тағайындауға келісім беру, Конституцияның сот судьяларын, Жоғарғы Сотының судьяларын тиіспеу кепілдігінен айыру, Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіру және басқалар бар.
Заң жобалары бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.	Заң жобалары бойынша кемінде үш оқылым өткізу міндетті.
Жоқ	Қазақстан Халық Кеңесі туралы жаңа бап енгізілді. Ол – Қазақстан халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.Қазақстан Халық Кеңесі мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді; Құрылтайға заң жобаларын енгізеді; жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.
Жоқ	Конституциялық сот – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында ел Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган екені нақтыланды.
Жоқ	Бас прокурорды президент тағайындайтыны және бір адам бір реттен артық бас прокурор болып тағайындалмайтыны нақтыланды.
Жоқ	Адам құқықтары жөніндегі уәкілді президент тағайындайтыны нақтыланды.
Жоқ	Адвокаттар туралы жеке бап енгізілді.Оған сәйкес, адвокатау адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдесуді көздейді. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.
Жоқ	Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жеке бөлім енгізілді. Оған сәйкес, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар жалпыхалықтық референдумда енгізіледі.

Қоғам және мемлекет қайраткері Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ:

Сонымен бір жұмадан астам уақыт Конституциялық комиссияда талдауға түскен Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің нұсқасы жарияланды. Жалпы Конституция ең жоғары заңдық күші бар еліміздің басты құжаты. Ол мемлекеттік құрылымда билік тармақтарының



өкілеттіліктерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын анықтайды, мемлекет пен халық арасындағы қоғамдық тұрақтылықтың, бірліктің кепілі болып табылады, сонымен қатар мемлекеттің құрылымын, басқару формасын, сайлау жүйесін реттейді және елдегі барлық басқа заңдардың бастауы болып есептеледі. Сондықтан да еліміздегі азаматтар Конституциялық өзгерістерге бейжай қарай алмайды. Оған дәлел ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілердегі жарияланып жатқан олардың сан алуан пікірлері мен көзқарастары. Елімізде тұңғыш Конституция 28 қаңтар 1993 жылы қабылданған болатын. Оның негізгі авторы Н.Шәйкенов еді. Бұл Конституция бойынша елдің басқару формасы Парламенттік -Президенттік республика болды. Екінші Конституция 30 тамыз 1995 жылы жалпыхалықтық референдумда қабылданды. Басқару формасы супер Президенттік болып бекітілді. Оның идеясын беруші Н.Назарбаев, құрастырушылар академик заңгерлер Ғ.Сапарғалиев, С.Сартаев, С.Зиманов, Ю.Басин болды. Сонан бері Ата заңымызға 2007, 2017 жылдары конституциялық өзгерістер енгізілді. 2022 жылы жүргізілген ауқымды конституциялық өзгерістер мемлекеттің саяси жүйесін жетілдіріп, басқарудың суперпрезиденттілігінен ықпалды парламенті бар президенттік билікке көшуге

Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат ӘБЕНОВ:

ШЕТ ЕЛ АЗАМАТТАРЫНА ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗ АЗАМАТТАРЫМЫЗБЕН БІРДЕЙ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТИҢ ТЕГІН КӨРСЕТІЛУІН ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ АРҚЫЛЫ ТОҚТАТАМЫЗ

Кеше Конституция реформасы жөніндегі Комиссия отырысында көтерген мәселем: жылда Қазақстанға миллиондаған шетелдіктер келеді, олардың барлығына тегін әлеуметтік қызмет көрсеткен дұрыс емес.



НЕГЕ ӨДІЛЕТТІККЕ ЖАТПАЙДЫ?

Қазақстан Республикасы азаматтарының да мемлекет алдында көп борышы бар: өз құқықтарынан басқа, заңды білуге және оған бағынуға, салық төлеуге, орта білім алуға және ескери қызметте болуға міндетті.

Өз тарапынан Мемлекет олардың құқықтарына, соның ішінде тегін денсаулық сақтау, білім беру және басқа да әлеуметтік қызметтерге кепілдік береді. Ал шетелден келген қонақтардың еңбегі сіңген жоқ. Еш төлем жасатқызбай-ақ барлық қызметті тегін берсек ел бюджетіне айтарлықтай ауыртпалық түсіреді.

Конституция қабылданған кезде біздің елімізге шетелдіктердің ағыны көп болған жоқ. Қазіргі уақытта біздің елімізге жыл сайын шамамен 6,5 миллион шетел азаматтары келеді.

Негізінде Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің салықтарын өздерінің, отбасының емделуіне, балаларының білімін, қауіпсіздігін және мемлекеттік қызметтер көрсетуді қаржыландыру үшін пайдалануы керек.

Қазіргі уақытта кез келген шетелдік ақылы сақтандырусыз да тегін кепілдендірілген медициналық көмек алуға құқылы; олардың балалары мектепке бара алады және оқулықтар мен тамақ ала алады. Халыққа қызмет көрсету орталықтары, ЦОН мен электрондық үкіметтердің қызметтерін тегін пайдалана алады.

Шын мәнінде, көптеген азаматтар мұны әділетсіз деп санайды. Бұл біржақты міндеттемелерді алып тастау және кепілдіктер ұқсас болуы және кейбір мемлекеттер арасында өз ара бөлек халықаралық келісіммен белгіленуі тиіс екіжақты модельге көшу ең оңтайлы болып саналады.

Егер кез келген біздің қазақ елінің азаматына оларға қыдырып, не жұмыспен барған кезде құқықтарын өз елінің азаматтарымен тең дәрежеде қорғауға кепілдік берсе, онда тек сонда ғана Қазақстан осындай міндеттемелерді қабылдауы керек. Мен бұл түзетулерді негізді және әділ деп санаймын.

Елімізге келетін 6,5 миллион шетелдіктің әлеуметтік қажеттіліктерін Қазақстан азаматтарының өз салықтарымен қаржыландыруды тоқтату керек. Қазір көптеген елдердегі біздің азаматтарымыз мұндай тегін әлеуметтік көмек алмайды.

Қарлығаш ЖАМАНҚҰЛОВА, «Әділ сөз» қорының президенті:

– Референдумда қабылданғаннан кейін Конституцияның жаңа редакциясы сөз бостандығына кепілдік береді. Сондай-ақ цензураға тыйым салу нақты түрде айқындалады. Менің ойымша, адамдар қолданыстағы Конституцияның 12-бабында бар нормаға алаңдаушылық білдіруде, яғни бір адамның құқықтары мен бостандықтары басқа адамның құқықтары мен бостандықтары басталатын жерде шектелетіні туралы қағидаға қатысты. Бұл ретте мұндай шектеулер Конституцияның қазіргі редакциясында да бар және олар Қазақстанның өз еркімен қабылдаған халықаралық міндеттемелеріне, соның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына толық сәйкес келетінін тағы да айтамын. Ешбір бостандық басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісінше тану мен құрметтеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ демократиялық қоғамдағы моральдың, қоғамдық тәртіптің және жалпы әл-ауқаттың әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатынан өзге негіздер бойынша шектелмейді.

Фейсбуктегі парақшаларынан

негіз қалады. Соңғы отыз жылда Ата заңымыз алты рет өзгеріске түскен екен. Енді міне Конституцияның жаңа моделі қабылданбақшы. Мұқият танысып шықтым. Қолданыстағы Конституцияда 99 бап, 9 бөлім бар еді. Жаңа Ата заңда Преамбула, 11 бөлім, 95 баптан тұрады. Бұрынғы Конституцияға қарағанда төрт бөлімнің атауы өзгерген, 77 бап қайта жазылған. Демек, мұны толыққанды жаңа Конституция болады деп айтуға болады. Ең бастыларына қысқаша тоқталсам, Қазақстанның заң шығарушы билігі екі палатадан бір палаталы Құрылтайға көшеді. Жаңа вице-президенттік саяси институты енгізіледі. Биліктің біраз бөлігі мен жауапкершілігі осы екі саяси институттарға заңмен бекітіліп беріледі. Сонымен бірге Конституцияда консуль-тативтік және заң шығаруға бастамашылдық өкілеттілігі бар Халықтық Кеңес құрылып, оның құрамына этникалық қауымдастықтың жергілікті мәслихаттардың және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіретін болады. Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, Табиғатқа барынша ұқыпты қарау қағидаттары алғаш рет Конституция деңгейінде бекітіліп бермекші. Білім, Ғылым, Мәдениет, Инновация Конституцияның жаңа идеясы іспеттес көрініс табатын болады. Демек мемлекеттің келешегі минералдық, шикі-заттық ресурстар емес, Адами капитал, ел азаматтарының ғылыми-шығармашылық жетіс-тіктері екенін заңдастыру. Дін мен Мемлекеттің ара-жігін нақты ажырату да көрініс тапқан. Өйткені Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады. Азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау нормасы да бекітіліп бермекші. Егер жалпыхалықтық референдумда осы Конституциялық үлкен өзгерістер қабылданатын болса, еліміздің саяси жүйесі өзгеріп, Үкімет пен Парламенттің қабылдаған шешімдеріне жауапкершілігі артатыны сөзсіз. Бұл жаңа мәтін өлі де талқыға түседі. Өсіресе, сайлауға, тілге қатысты нақтылайтын мәселелер бар. Әлемде мінсіз Конституция, мінсіз заң жоқ. Сондықтан да заман ағымына байланысты заңдар да, ішінара Конституция да өзгеріп отыратыны қалыпты жағдай. Еліміздегі миллиондаған азаматтардың пікірлері де әртүрлі. Қазір де елдегі экономикалық-әлеуметтік жағдайға көңілі толмайтындар жеткілікті. Кемшіліктер мен жетіспеушіліктер де көп. Бірақ бір нәрсе анық, сырттан бізді ешкім келіп жарылқамайды. Оны тек өзіміз жөңдейміз. Қоғамды тек эволюциялық жолмен, реформалар арқылы ғана жөңдей аламыз. Ол үшін, Жаратқан иеміз, қазақ ұлтының бірлігі мен ынтымағынан айырмайсың.